ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№85 (3410) 26 қазан 2021

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖӘНЕ ЖАҢҒЫРҒАН СОТ

Нұр-Сұлтан қаласында екі күндік «OPEN MIND» ашық инновациялардың онлайн-форумы өтті. «Цифрлық трансформация және өмірдің жаңа сапасы» тақырыбында ұйымдастырылған форум барысында күн тәртібіне қойылған негізгі мәселелерді Үкімет өкілдерінен бастап, шетелдік IT сервистерді әзірлеушілер мен сарапшылар кең ауқымда талқылады.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, биылғы іс-шара пандемия кезінде цифрландыруды дамыту тақырыбына арналған. Форум қатысушылары электрондық жүйелерді енгізу, елдегі стартап-жобаларды, сондай-ақ, EdTech-технологиялар мен автоматтандыруды дамыту мәселелерін, ашық инновациялар мәдениетін дамытудағы әлемдік тәжірибені талқыға салды.

Пандемияның бүкіл адамзатқа, барлық мемлекетке, мемлекеттік органдарға өз әсерін тигізгені анық. Өткен жылдың басында мемлекеттік инфрақұрылым жүйелері үлкен ауыртпалықты бастан өткерді. Алайда ақпараттық жүйелердің мүмкіндіктерін ұтымды пайдаланудың арқасында қызмет көрсетуді онлайн тәртіпте жүзеге асырып, жұмыс ырғағының бір сәтке де тоқтамағанын айтып өткен жөн.

(Соңы 2-бетте)

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН БАЛАЛАРЫН КҮТІП-БАҒУ – АТА-АНАҒА МІНДЕТ

5-бет

МАКС, СЕНІМЕН МӘҢГІ БІРГЕМІН...

8-бет

ТҰЛҒА

ӨМІРІ ӨНЕГЕМЕН ӨРНЕКТЕЛГЕН

Саналы ғұмырын бір салаға арнап, артына өшпес із, қайталанбас қолтаңба қалдырған жандар қаншама! Өз жолын тауып, оның кемелденуіне өлшеусіз үлес қосқандарды дәріптеу, тарих жылнамаларына атын алтын әріппен жазу – адам дейтін жаратылыстың асыл қасиеттерінің бірі.

Дәл осындай қасиеттерге ие, сот жүйесінде өзіндік жол қалыптастырған, жүріп өткен жолы дүйім жұртқа үлгі болып отырған жанның бірі hәм бірегейі – Қызылорда облыстық сотының төрағасы Қамбар Жұмабайұлы Нұрышев.

Қажыр-қайратының арқасында өмір өткелдерінен сүрінбей өтіп, қырық жылға жуық уақытын сот саласына арнаған таутұлға бүгінде асқаралы алпыс жасқа келіп отыр.

(Соңы 5-бетте)

КӨЗҚАРАС

БАҚ – ҚЫСЫМ ЖАСАУ ҚҰРАЛЫ ЕМЕС

«БАС КЕСПЕК БОЛСА ДА, ТІЛ КЕСПЕК ЖОҚ» ДЕГЕН ҚАҒИДАНЫ АТАДАН БАЛАҒА МИРАС ЕТІП ҚАЛДЫРҒАН ХАЛЫҚ FREEDOM HOUSE ҰЙЫМЫНЫҢ ӘЛЕМ ЕЛДЕРІНІҢ БАСПАСӨЗ ЕРКІНДІГІ БОЙЫНША РЕЙТИНГІНДЕ (2017) ҚАЗАҚСТАН 196 ЕЛДІҢ ІШІНДЕ 179-ОРЫНДА. КАТОН ИНСТИТУТЫ, ФРЕЙЗЕР ИНСТИТУТЫ ЖӘНЕ ФРИДРИХ НАУМАНН ҚОРЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ БОЙЫНША ЖАСАЛАТЫН АДАМ ЕРКІНДІГІ ИНДЕКСІНДЕ 162 ЕЛДІҢ АРАСЫНАН 75-САТЫДАН КӨРІНДІ. АЛ «ШЕКАРАСЫЗ РЕПОРТЁРЛАР» ҰЙЫМЫНЫҢ БҮКІЛӘЛЕМДІК БАСПАСӨЗ ЕРКІНДІГІ ИНДЕКСІНДЕ (2021) 180 ЕЛДІҢ АРАСЫНДА 155-ОРЫННАН ТАБЫЛДЫ.

Елбасы Н.Назарбаевтың: «Сөз бостандығы – бұл ақиқатты айту құқығы», «Біз сөз бостандығын қолдаймыз, бірақ біз ғайбат сөйлеу мен жалған ақпаратқа қарсымыз», «Жаңа ақпараттық мүмкіндіктер бұрын-соңды болмаған еркіндікті көлденең тартады, алайда сонымен бірге өз бойында адамдардың сана-сезімімен ойлау және оны зақымдау қатерін ұстап тұрады» деген сөзі бар. Ал Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 23 қазанда өткен Қазақстан судьяларының VIII съезінде судьяларға БАҚ және әлеуметтік желілер тарапынан қысым жасалатын жағдайлардың кездесетініне назар аударған еді.

– Тергеу әлі жалғасып жататын, істің сотқа берілмеген кездерінде кейбір журналистер мен блогерлер жағдайды ушықтырып, сот шешімін алдын ала болжай бастайды. БАҚ-тың жариялылығы, ашықтығы сотқа қысым жасау құралы ретінде мүлде пайдаланылмауы тиіс. Әділдік сот залында және сот процесінің қорытындысы бойынша ғана орнауы керек, – деген Президенттің сөзін әркім әркилы түсінген сияқты. Арада жыл салып «Мәжілісте журналистер мен блогерлерге сот процестері туралы жазуға тыйым салу ұсынылды» деген ақпарат пайда болды. 20 қазанда ҚР Парламент Мәжілісіндегі жұмыс тобында 2000 жылғы 25 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» конституциялық заңына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар жобасы онлайн түрде талқыланған. Онда депутат Нұрлыбек Ожаев өзі ұсынған: «2-1. Соттың іс жүргізуінде жатқан және заңды күшіне енбеген істер туралы ақпаратты әлеуметтік желілер мен БАҚ-та жариялауға ешкімнің құқығы жоқ.

(Соңы 3-бетте)

ДЕПУТАТ БАСТАМАСЫ СӨЗ БОСТАНДЫҒЫН ШЕКТЕЙ МЕ?

ОЙТАЛҚЫ

Ғалия ӘЖЕНОВА, *«Әділ сөз» халықаралық сөз бостандығын қорғау ұйымының сарапшысы:*

– «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» конституциялық заңға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың жобасын талқылауға арналған жұмыс тобының өткен аптадағы отырысы бәрімізді елең еткізгені рас. Сот процестерін үкім күшіне енбей тұрып таратуға шектеу қойылатын болса, ол дұрыс емес. Депутат менің ұсынысымның журналистерге қатысы жоқ дегенмен, сөз бостандығы барлық адамға ортақ.

Сөз бостандығына қатысы бар қолданыстағы кез келген заңнамаға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар елдегі демократияның дамуына өз әсерін тигізеді. Сол себепті билік органдары мен олардың кейбір уәкілетті өкілдері тарапынан жасалатын ұсыныстар мен пікірлер жұртшылық арасында қызу пікірталасқа негіз болып жатады. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы конституциялық заңға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар туралы» заң жобасы соның нақты дәлелі бола алады. Бұл туралы сарапшылар пікірін білген едік.

Бақытгүл БУРБАЕВА, *«Қазақстандағы медиа желі» қоғамдық бірлестігінің атқарушы директоры:*

– «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» заңға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар жобасындағы 25-баптың 2.1-тармағының редакциясында: «Соттың іс жүргізуін және заңды күшіне енбеген істер туралы әлеуметтік желілерде және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға ешкімнің құқығы жоқ» деп жазылған екен. Бұл ҚР Конституциясына тікелей қайшы келеді. Өйткені, негізгі заң өз азаматтарына сөз бостандығына, ақпарат алуға және таратуға кепілдік береді.

Сот журналистерден не жасырады?

(Соңы 3-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЦИФРЛЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖӘНЕ ЖАҢҒЫРҒАН СОТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жиында Жоғарғы Сот жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің басшысы Наиль Ахметзакиров сот жүйесіне енгізілген жаңалықтармен бөлісіп, цифрлық сервистер мен IT жобалар жөнінен хабардар етті. Ол дүниені дүрліктірген пандемия кезінде сот әкімшілігінде атқарылған істерге кеңінен тоқталды.



Сот актілерінің «ақылды» мұрағаты

Сот өндірісі толығымен электронды жүйеге көшті, яғни әрбір судья өз шешімін электронды түрде рәсімдейді. IT бағдарлама әр материалды түскен сәтінен бастап көріп отырады және белгіленген уақыт шегінде процессуалдық мерзімнің сақталуы, сот жүктемесі, істің санаты, т.б. ондаған сараптамалық анықтамаларды дайындап береді.

Қолжетімділікті қамтамасыз ететін жалғыз терезе

«Сот кабинеті» қызметі арқылы пайдаланушылар сотқа электронды түрде жүгіне алады. Бұл қызметтің мобильді нұсқасының бар екенін де айта кеткен абзал. Бүгінгі таңда мұнда 600 мыңнан астам пайдаланушы тіркелген. 2014 жылы талап-арыздардың небары 5%-ы ғана электронды түрде берілсе, бүгінде бұл көрсеткіш 92%-ға жеткен. Процестердің барлығы дерлік онлайн түрде өтеді.

Судьяның интеллектуалды көмекшісі

Бұл жүйе сотқа жолданатын өтінішті дайындап береді. Бұл – судьяның интеллектуалды көмекшісі. Мысалы, үкімді дайындау барысында «Судьяларға көмек модулі» жазаның түрі, түзеу мекемесінің типі, қылмыстың қайталануы, татуласу және шартты соттау мүмкіндіктері туралы айтып, көмек беріп отырады. Соның арқасында судья сот тәжірибесімен тезірек танысуға, сөйтіп, уақытын үнемдеуге мүмкіндік алады.

Сандық сот сараптамасы

Бұл жоба бірегей сот тәжірибесін қалыптастырудағы маңызды көмекші болып табылады. Оны «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы мен КБТУ-дың математиктері мен IT мамандарынан құралған командасы бірлесе жасап шығарды. Жобаның басты ерекшелігі – жасанды интеллект элементтерін қолданғаны.

Сервистің жұмыс істеу тәртібіне тоқталар болсақ, оның көмегімен Google жүйесі сияқты 3 млн-нан астам орындалған сот актілерінің мәтініндегі кез келген ақпаратты табуға болады. Жүйе табылған шешімдердің қаншасы апелляцияда, қаншасы кассацияда қаралғанын көрсетіп береді. Қажетті ақпаратқа және оның сараптамасына қол жеткізу судьяға өндірістегі кез келген іс бойынша сот тәжірибесін жинақтауға мүмкіндік береді.

Қарапайым іздеу жүйесінен бөлек, интеллектуалды іздеу жүйесі де құрылды. Неге интеллектуалды дейтін болсақ, іздеу жүйесі сөзді емес, жағдайды іздеуге кіріседі. Яғни, бағдарлама сот шешімінің мағынасын түсініп, оларды өзара салыстырып, ауытқушылықтарды анықтап, азаматтық істің қорытындысына өзіндік болжамын жасайды. Мысалы, судьяны аргументтері мен нюанстары көп нақты талап-арыз бойынша сот тәжірибесі қызықтырады делік. Бұл туралы іздеу жүйесіне салса, жүйе оған автоматты түрде жоғары инстанцияларға қайта шағымдану нәтижелері бар осыған ұқсас істерді тауып береді. Сонымен қатар бағдарлама сот тәжірибесінен шыққан шешімдерді де тауып бере алады. Жүйе ауытқушылықтар жайында хабар беріп, мұндай айырмашылықтың себебін анықтаудың жолын көрсетеді және не нәрсеге көбірек назар аудару қажеттігін еске салады.

Судьялар үшін пилоттық режимде іске қосылып үлгерген бұл сервиске сұраныс арта түсуде. Күн сайын жүйеде мыңдаған сұраныс тіркеледі. Сервистің сыртқы пайдаланушылар үшін де қолжетімді болуы ойластырылуда. Қазіргі таңда сот ақпараттарына қолжетімділікті Смарт бридж арқылы жүзеге асыру жолында жұмыс жүргізілуде.

Сот өндірісін роботтандыру

Робот судьяның қарауы заңмен шектелген істер бойынша сот актілерінің жобаларын дайындауға көмектеседі. Ол шешім қабылдаудың нақты алгоритмдерінің негізінде жұмыс істейді. Мысалы, борышкердің елден шығуына тыйым салу туралы сот орындаушысының қаулысына санкция беру. Осыған орай, статистика бойынша, сот орындаушысының осындай әрбір үшінші қаулысының кері қайтарылатынын айта кету қажет. Бұл процедура – азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғаудың кепілі. Сот орындаушыларының актілерін тексеру көп еңбекті қажет етеді. Бірақ бұл жерде шешім қабылдауға ешқандай құқықтық қиындық жоқ. Жай жиналып қалған ескі істер.

Судья дәлелдемелерді бағаламайды, сот тәжірибесін пайдаланбайды, құқық нормаларын зерттемейді. Судья үш күннің ішінде 40 АЕК-тен асатын қарыздың бар-жоғын және борышкерге күні бұрын ескертілген-ескертілмегенін тексеруі тиіс. Егер осы екі шарт орындалған болса – санкция беріледі, орындалмаса – берілмейді.

Бір-бірімен өзара байланысқан тиісті деректер базалары болған жағдайда, робот бұл жұмысты тез әрі мінсіз атқарып шығады. Дегенмен шешімге қол қою жауапкершілігі судьяға жүктеледі. Конституциялық талаптар бұзылмайды. Техникалық қателіктерді судьялар өздері түзей алады.

Мұндай сот қарауынсыз шешілетін даусыз материалдардың саны жылына 100 мыңнан асады. Қазіргі таңда роботтандыруды әрі қарай жалғастыруға әлеуетті материалдар мен істердің санаттары сарапталуда. Бұл судьяларды күнделікті қаралатын қыруар істен босатып, жіберілетін сот қателіктерін барынша азайтуға мүмкіндік береді. Азаматтық-процессуалдық кодекске сот актілерінің жобаларын ақпараттық жүйені құру мүмкіндігі бойынша түзетулер жасалды. Бұл жұмыс жылдың соңына дейін аяқталады деп жоспарлануда.

Жасанды интеллектті енгізу

Сот өндірісін роботтандыру және жасанды интеллект енгізу тек біздің елімізде ғана зерттеліп жатқан жоқ. 2018 жылдың желтоқсан айында сот төрелігінде жасанды интеллектті қолдануға арналған алғашқы халықаралық-құқықтық акт жасалды. Бұл Еуропалық сот төрелігінің тиімділігі бойынша комиссия (CEPEJ) бекіткен Сот жүйесінде жасанды интеллектті қолдану жөніндегі еуропалық этикалық хартия болатын.

Хартияға сәйкес, сот жүйесінде жасанды интеллектті қолдану сот төрелігінің тиімділігі мен сапасын арттырады және адал жұмыс істейді. Судьяның робот ұсынған шешіммен келіспеуге және өз шешімін қабылдауға құқы болуы тиіс. Бұл – технология бәрібір адам судьяны толығымен алмастыра алмайды деген сөз.

Жасанды интеллект – бұл процеске қатысушылардың құқығын сапалы қорғауды және сот тәжірибесін біріздендіруді қамтамасыз ету жолындағы жай ғана қосымша құрал. Жоғарғы Сот басшылығы автоматтандыру арқылы сот өндірісін тездетуді, адами факторға қатысты қателіктерді жоюды жоспарлап отыр.

Айгүл АХМЕТОВА,
«Заң газеті»

СЕМИНАР-ТРЕНИНГ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР – ЕЛ АЙНАСЫ

Қызылорда облысы бойынша соттар әкімшісі басшысының орынбасары, әдеп жөніндегі уәкіл М.Асанованың ұйымдастыруымен Қызылорда облысы соттары қызметкерлерімен «Мемлекеттік міндет – абыройлы қызмет» тақырыбында кездесу өткізді. Шараға «Әділдік жолы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облысы филиалының басшысы Ляззат Бақтыбаева мен «Бітім» медиация орталығы қоғамдық бірлестігінің ғылыми жетекшісі, психолог-тренер Назира Аймаханова қатысты.

Шараны ашқан М.Асанова мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін сақтау, мемлекеттік қызметшілерге қойылатын жалпыға бірдей әдеп нормаларының қолданылуын қатаң бақылауда ұстау туралы сөз қозғады. «Мемлекеттік қызметшілер – қоғамның айнасы. Олардың жүріс-тұрысы, киім киюі, көпшілік алдында сөйлеу мен өзін-өзі ұстау, қызмет барысындағы әдебі өзгелерге үлгі болуы тиіс» деген М.Асанова қызметкерлердің білімін көтерумен қатар, адами қарым-қатынас әліппесін үйретуге де назар аударылатынын атап өтті.

Семинар қонағы Л.Бақтыбаева өз баяндамасында мемлекеттік қызметшілердің халықпен байланыс барысында өзін ұстауы, этикалық нормаларды сақтауы маңызды екенін тілге тиек етті. Сонымен қатар, «Әділдік жолы» республикалық қоғамдық бірлестігінің атқаратын жұмыстары мен бағыттарын, сыбайлас жемқорлық факторларын болдырмау мақсатында жасалып жатқан шаралар туралы баяндап берді.

Мұнан соң шара психолог-тренер Н.Аймаханованың сабақтарымен жалғасты. Маман өзі дайындаған түрлі психологиялық жаттығулар мен ойындар өткізіп, қоғамдағы аса жауапты қызметті атқаратын сот саласының қызметкерлерін бір серпілтіп тастады. Кейде толығымен жұмысқа беріліп, өздерін ұмытып кететін сала мамандары өздерінің ұнамды және ерекше тұстарымен бөлісіп, күндер мен айларға жалғасқан иығындағы ауыр жүктерінен жеңілдеп, ерекше күйге енгендей болды. Осылайша күйбең тірліктен бір сәтке болса да арылған сот саласының мемлекеттік қызметшілері семинар мен тренингтен алған әсерлерімен бөлісіп, ұйымдастырушыларға алғыстарын білдірді.

Шараның мақсаты – мемлекеттік қызметшілер арасында әріптестік, достық қарым-қатынасты нығайта отырып, күнделікті қалыптасқан жағымсыз дағдылардан арылу, жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі

МЕЖЕ

ШЕШІМДІ ДЕР КЕЗІНДЕ ОРЫНДАУ ПАРЫЗ

Марат МЫРЗАБАЕВ,
Іле ауданының аға жеке сот орындаушысы

Жеке сот орындаушыларға айтылатын сын аз емес. Ал сот орындаушылар өз қызметінен тыс ештеңе жасап жатқан жоқ. Олардың негізгі міндеті – сот шығарған шешімді дер кезінде, сапалы орындау. Мәселесін сот арқылы шешкен азаматтар сот актілерінің орындалуын күтеді. Өйткені, сот процесі бір күннің шаруасы емес. Оған қаншама уақыт, қаржы, жүйке кетеді. Ал соншама қиындықтан өтіп, өз құқығын қорғаған азаматтардың өзіне тиесіліні қайтарғысы, берешегін өндіргісі келетіні түсінікті. Құқықтық қоғамда бұл қалыпты жағдай. Алайда, бізде өз қатесін мойындап, соттың шешімін өз еркімен орындайтындар өте сирек кездеседі. Көпшілігі жеке сот орындаушылардан мекенжайын жасырып, табысын көрсетпей, сот актісін орындауға барынша кедергісін тигізеді. Алғашында ескерту жасаған сот орындаушылар, қызметтік міндетін орындау үшін амалсыздан мәжбүрлеу шарасын қолданады. Оның өзінде де заң шегінен шықпайды.

Жеке сот орындаушыларының барлық жұмысы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңда нақты белгіленген. Осы заңның 138-бабының 1-тармағына сай жеке сот орындаушылар құзырына мемлекеттен өндіріп алудан басқа жеке және заңды тұлғалардың пайдасына өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды орындау жатады. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заң мен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс талаптарына сәйкес, сот орындаушы өкілетті органнан мәжбүрлеп орындауға қаулы қабылдайды. Әрине, мәжбүрлеп орындату туралы қаулы шығарылмас бұрын құқық бұзушымен өндіріп алуды ерікті орындау туралы алдын ала жұмыс жасалады. Құқықбұзушы өндіріп алуды ерікті түрде орындаудан бас тартқан жағдайда ғана мәжбүрлеп өндіріп алу туралы шешім қабылданады. Бұл ретте құқықбұзушы өкілетті органға әкімшілік айыппұлды төлегенін растайтын құжатты өзі ұсынуға міндетті. Егер құжат ұсынылмаса, мемлекеттік орган айыппұлдың төленгенін білмейді, сол себепті мәжбүрлеп өндіріп алу туралы шараны қабылдауы мүмкін.

Айыппұлды төлеп, бірақ айыппұл салған өкілетті органға айыппұлды төлегенін растайтын құжатты ұсынбайтын жағдайлар да жиі орын алады. Егер азаматтар сот орындаушыға төлем жасағанын растайтын құжатты көрсетсе, сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізуді тоқтатып, сот шешімін орындауды қамтамасыз етуге қатысты барлық шараны жою туралы шешім қабылдайды. Айыппұл атқарушылық өндіріс басталғанға дейін төленсе, сот орындаушысының жұмысын төлеу жүргізілмейді.

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

КӨЗҚАРАС

БАҚ –ҚЫСЫМ ЖАСАУ ҚҰРАЛЫ ЕМЕС

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осы тармақтың бірінші бөлігінің бұзылуына, сондай-ақ сот қызметіне өзге де араласуға кінәлі адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады» деген түзетуін талқылаудан кейін кері қайтарып алған. Ақпарат құралдарының хабарлауынша, Н.Ожаев өз ұсынысын қайта құрылымдаған соң, жұмыс тобының алдағы отырыстарына тағы да ұсынғалы отыр. Депутат түзетудің журналистерге қатысты еместігін, оларға ешқандай шағымы жоқтығын, қазір кез келген азаматтың әлеуметтік желілерде өз пікірін айтып, талқылай алатынын және олардың сот процестерін түсінбей жатып өзінше түсіндіретінін, тіпті беделді адамдар жазған соң қоғамда кереғарлық пайда болатынын айтып ақталғанымен, бұл БАҚ өкілдерін де, өзгелерді де қанағаттандырған жоқ. Сондықтан, БАҚ өкілдері ашық сот процесіне қатысып, жаза ала ма дегенді анықтап сұрау үшін депутаттың телефонына бірнеше мәрте хабарластық. Тұтқасын көтермеді, уатсабына жіберген жазбамызға да жауап бермеді.

Кез келген мемлекетте қандай заң болмасын ол билік пен халықтың арасындағы келісім болып саналады. Сол себепті бір апта бойы бүкіл жұртты аузына қаратқан халық қалаулысының қолданыстағы заңнамаға енгізілетін өзгерістер мен түзетулерге қатысты ұстанымын айқындау үшін енді жұмыс тобының алдағы отырыстарына құлақ түруге бәріміз мәжбүр болып отырмыз. Ал бұл мәселе туралы өзге депутаттардың пікірін білмек болған едік. Олар өздерінің бұл жұмыс тобына мүше еместігін және заң жобасынан хабарсыз екенін айтып, өзгеріске бастамашы болған әріптестерінің өзімен сұхбаттасуды ұсынды. Кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс екенін уақыт өзі көрсете жатар.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

Сіз не дейсіз?

Қанат ЖҰМАБАЙ, ***Халықаралық адам құқықтарын қорғау комитетінің Қазақстандағы өкілдігінің сенімді уәкілі:***

– Кінәсіздік презумпциясы деген конституциялық принцип бойынша барлық адам сот үкімі немесе қаулысы заңды күшіне енбейінше кінәсіз болып табылады. Кінәні дәлелдеу айып тағып отырған құзыретті органдардың міндеті. Ал кінәлі деп айып тағылған адам өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес. Әділ және тәуелсіз сот адамның кінәлі не кінәсіздігі туралы үкім не қаулы шығарады. Заң жобасына түзету ұсынған депутат осы жағынан айтып отыр. Алайда оның екінші жағы бар. Ашық сот отырысы деген бар. Атынан көрініп тұрғандай, ол ашық, әділ өту үшін қоғам өкілдері қатысады. Осы тұрғыдан алғанда, журналистердің құқығын шектеуге болмайды. Яғни, депутат мәселеге біржақты қараған. Сот әділетсіз өтіп жатса, БАҚ өкілдері ол туралы ақпарат таратуға құқылы. Сол себепті журналистер құқығы шектеліп қала ма деген күдік орынды. Сіздер тек ақпарат таратасыздар. Сот қаулысы күшіне енгенше, бәрі болжам ғана. Сот қана өз үкіміне жауапты болу керек. Журналистер оны бұрмаласа, жалған ақпарат таратқаны үшін жауапкершілік бар ғой. Ол Қылмыстық кодексте де қарастырылған. Сондықтан заңнамаға енгізілетін кез келген өзгеріс ауқымды түрде, жан-жақты қарастырылуы керек.

САРАП

ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫ БАСТЫ НАЗАРДА

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін әлеуметтік салада кең ауқымда реформалар жүргізілуде, оның ішінде еңбек саласындағы қатынастарды реттейтін заңнамаларды жетілдіруде, әлеуметтік әріптестік қатынастарды қоғамда қалыптастыруда еңбек құқығының қағидаларының алатын орны маңызды.

Еңбек құқығының негізгі қағидалары ҚР Конституциясында және еңбек құқығы саласының нормативтік құқықтық актілерінде бекітілген.

Еңбек құқығы саласындағы еңбек құқығы қағидалары толық түрде зерттелген. Алайда, қалыптасқан қағидаларды еңбек құқығының субъектілері – жұмыс беруші мен жұмыскердің құқықтарымен және міндеттерімен байланыстыруға болмайды. Қағидалардың мазмұны кеңінен қарағанда еңбек құқығының мәні, әдістері және жүйесімен байланыста болады, қалыптасқан негізгі қағидалар қоғамдық біртектес қатынастарды реттеумен ерекшеленеді және еңбек құқығының барлық субъектілерін (жұмыскерлерді, жұмыс берушілерді, еңбек ұжымдарын және олардың өкілдік органдарын және т.б. субъектілерін) қамтиды. Еңбек құқығының негізгі қағидаларының мәні мынада:

1) олар біріккен түрде еңбек құқығының барлық нормаларының басты мазмұнын көрсетеді, сол арқылы еңбек заңнамасының мәнін және оның экономикалық салалармен байланыстылығын анықтайды;

2) еңбек заңнамасының дамуына, жетілуіне бағыт береді және еңбек заңнамаларын пайдаланудағы кемшіліктер мен қайшылықтарды көрсетеді;

3) жекелеген еңбек қатынастарындағы нормаларды еңбек құқығының бірыңғай жүйесіне біріктіруге, оларды еңбек құқығы саласының институттары бойынша топтастыруға мүмкіндік береді.

Еңбек құқығының жалпы (салааралық) қағидалары еңбек құқығы қатынастарын реттеуде маңызды рөл атқарады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 24, 28-баптарында көрсетілген негізгі қағидалар аталған қағидалардың негізгі жалпылық сипатын көрсетеді. Негізгі қағидалардың қатарында заңдылық қағидасын, еңбек ету бостандығын, кемсітуге жол бермеуді, ең төменгі жалақының мөлшері қамтамасыз етілуін, т.б. атап көрсетуге болады.

Жұмыскерлердің құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігі қағидасы еңбек заңнамасының негізгі салалық қағидаларының бірі болып табылады, ол еңбек заңнамасы мен еңбек құқығының нормаларын, ұжымдық шарттарды, келісімдерді, еңбек шарттарын, жергілікті локалдық нормативтік актілерді қамтитын басқа да актілерді белгілеуден және бірдей құқықтық жағдайдағы жұмыскерлер үшін осы құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыруды қамтамасыз ететін еңбек құқығы мен құралдарының тең көлемінен көрінеді.

ҚР Конституциясына сәйкес, азаматтың еңбек құқығының субъектісі ретіндегі құқықтық мәртебесі барлық азаматтар үшін бірдей деп танылып, тең болып саналады. Құқықтар мен міндеттердің заңды жалпы және ерекше кепілдіктері келесідей: біріншіден, Қазақстан Конституциясымен кепілденген және теңдік бостандық қағидасын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, екіншіден, заңдар еңбек құқығы субъектілерінің құқық бұзушылықтарының алдын алады, үшіншіден, міндетті тұлғалардың әрекет ету мүмкіндіктерімен шектерін белгілейді; төртіншіден, аталған құқықтарды бұзатын әрекеттерге шағымдануға мүмкіндік береді және бесіншіден, кінәлі тұлғалардың құқық бұзушылықтарының нәтижесінде келген материалдық зиянды өтеуді қамтамасыз етеді.

Жұмыскерлердің құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігі қағидасының мәні мен маңызы әрбір жұмыскер танылған межені пайдалана алуы үшін – жергілікті қоғамдастық және ұлттық еңбек заңнамасындағы құқықтарды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін құралдармен, сайып келгенде, олардың қажеттіліктерін қанағаттандыру олардың еңбекке қабілетіне, жынысына, нәсіліне, терісінің түсіне, ұлтына, тіліне, шығу тегіне, мүліктік, отбасылық, әлеуметтік және лауазымдық жағдайына, жасына, тұрғылықты жеріне, діни көзқарасына, саяси сеніміне, қатыстылығын немесе қоғамдық бірлестіктердің болмауы, денсаулық жағдайы сияқты мән-жайларды ашып көрсетеді.

Әлеуметтік қорғау – бұл адам құқықтары мен бостандықтарының бүкіл кешенін конституциялық және заңнамалық негізде қамтамасыз ету. Екінші жағынан, әлеуметтік қауіпсіздік жоғарыда айтылған еңбек саласындағы субъективті саралауды анықтайтын фактор болып табылады. Өйткені, бұл белгілі бір «жетіспеушілік», әлеуметтік қауіпсіздік деңгейінің жетіспеушілігі жұмысшылардың санаттарын бөлуге мүмкіндік береді, олардың басқа жұмысшылармен теңдігін қамтамасыз ету үшін қосымша шаралар қажет.

Осы орайда, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұжымы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын талқылау барысында университеттің басқарма төрағасы – ректоры Жансейіт Түймебаев Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында жарияланған жолдауды еліміздің алдағы даму стратегиясын айқындайтын негізгі құжаттардың бірі ретінде атады. Университет басшысы ел Президентінің жолдауын талқылау барысында университеттегі барлық профессор оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің еңбек саласындағы құқықтары мен мүдделерінің толық көлемде сақталатындығына басты назар аударатындығына сенім білдірді.

С.ТЫНЫБЕКОВ
азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымдарының докторы, профессор,
С.АЛДАШЕВ
азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты

АЙМАҚ

ТАРАЗДА ЖЕТІ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБА ІСКЕ АСЫРЫЛУДА

Жамбыл облысының әкімі Бердібек Сапарбаев Тараз қаласының әкімі Ержан Жылқыбаевтың облыс орталығының әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы есебін тыңдады, деп хабарлайды Заң газеті Qazweek.kz ақпарат агенттігіне сілтеме жасап.

Өткен жылмен салыстырғанда қалада өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы өндірісі, негізгі капиталға салынған инвестициялар, тауар айналымы және тұрғын үй құрылысы көлемінің өсуі байқалады.

Жыл басынан бері қаланың кірісі 110,8 пайызды құраған. 2021–2022 жылдары жалпы құны 17,8 миллиард теңгені құрайтын жеті инвестициялық жоба іске асырылуда десек, олар бойынша 1044 жаңа жұмыс орны ашылуда. Биылғы жылы қаланың ирригациялық жүйесін қалпына келтіру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізілген. Нәтижесінде қаланың 280 көшесіне су келсе, бұл өткен жылмен салыстырғанда 105 көшеге артық. «Таразға тарту» жобасы аясында облыс орталығында 42 жаңа нысан пайда болған.

Қала әкімінің баяндамасын мұқият тыңдаған Бердібек Сапарбаев кейбір маңызды әлеуметтік нысандар құрылысының кешіктіріліп жатқанына назар аударып, мердігерлер осы уақытқа дейін №22 және №31 орта мектеп ғимараттарын неге пайдалануға бермегенін сұрады.

– Қаржыны уақытылы бөлдік. Мектептер оқу жылының басында ашылады деп келіскенбіз. Жобалық-сметалық құжаттама жарты жыл бойы дайындалды. Тұрғындармен кездескенде олар мектептердің қашан ашылатынын сұрайды. Себебі неде? Неге мердігерлерді жауапқа тартпайсыздар? Бұл Президенттің тапсырмасы бойынша жүзеге асып жатқан «Қауіпсіз мектеп» жобасына да қатысты, – деді Бердібек Сапарбаев.

Сондай-ақ, облыс әкімі «Жомарт түлек» және «Мейірім» жобаларын жүзеге асыру бойынша жұмыстар нашар жүргізіліп жатқанын тілге тиек етті. Аймақ басшысы халықты вакцинациялау жұмыстарын да сынға алды.

Облыс әкімі «сақалды» құрылыс мәселелерін шешуге тапсырма берді. Қалада осындай 35 нысан анықталған болатын. Өткен жылы олардың алтауының, ағымдағы жылы сегізінің құрылысы аяқталды. 14 нысан бойынша іс сотқа жолданған.

Жабайы сауда орындарын ретке келтіру керек. Базарларды қайта реттеп, адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажет. «Ауыл береке» базарындағы бей-берекетсіздік қашан қалыпқа келеді? ТЖ департаментімен бірге өрт қауіпсіздігі шараларын күшейтіңіздер. Санитарлық талаптардың сақталуын да қадағалаңыздар. Ол базарға күн сайын мыңдаған адам барады, – деді Б.Сапарбаев.

Жиынды қорытындылай келе, өңір басшысы облыстың дамуы көп жағдайда Тараздың дамуымен байланысты екенін атап өтті.

«Жомарт түлек» жобасының берер мүмкіндігі мол. Оны жемісті жүзеге асыру үшін жерлестерімізді барынша тарту керек. Облыстық басқармалардың басшылары қалалық бөлімдермен бірлесіп жұмыс істегені маңызды, – деп тапсырды Б.Сапрабаев.

Аймақ басшысы бюджеттің игерілуін қадағалауды және маңызды әлеуметтік нысандар құрылысының мерзімін белгілей отырып, мердігерлерге нақты шарттар қоюды тапсырды. Сонымен қатар, кәсіпкерлерді әлеуметтік нысандар салуға тарту қажеттігін атап өтті.

Облыс әкімі тұрғын үй құрылысының көлемін арттыру, туризмді дамыту, инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша нақты міндеттер жүктеді.

ДЕПУТАТ БАСТАМАСЫ СӨЗ БОСТАНДЫҒЫН ШЕКТЕЙ МЕ?

ОЙТАЛҚЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ғалия ӘЖЕНОВА, ***«Әділ сөз» халықаралық сөз бостандығын қорғау ұйымының сарапшысы:***

– Егер заңға ондай өзгеріс енгізілетін болса, бұл сөз бостандығына қайшы келеді, ол демократияға қарсы жұмыс жасайтын ұсыныс болғалы тұр. Заң шығарушы орган өкілі мәселені жан-жақты қарастырмай, тек бер жағынан асыра сілтеп отыр. Өйткені бұл журналистерге қатысы жоқ дегенмен, сөз бостандығын шектейтін болады.

Журналист судьяның үкім шығаруына әсер етуі мүмкін емес. Судья шешімі үш нәрседен тұрады. Бірінші, іс материалдары. Екінші, заңның негізі. Үшінші, өзінің түсінігі мен сана-сезімі. Осы үшеуін негізге алса, судья ешнәрседен қателеспейді. Ал бізге анау әсер етеді, мынау әсер етеді деген бос сөз. Егер оларға кез келген адамның пікірі әсер ететін болса, онда судья болып жұмыс жасаудың не қажеті бар? Шектейік, таратпайық, сотқа кіргізбейік деген кез келген ұсыныс – сөз бостандығына, Конституцияға қарсы әрекет. Бұл Азаматтық кодекстің 19-бабындағы соттың жариялылығына да қарсы. Сосын судья ішкі принциптің негізінде жұмыс жасайтын адам.

Бақытгүл БУРБАЕВА, ***«Қазақстандағы медиа желі» қоғамдық бірлестігінің атқарушы директоры:***

– Неліктен олар кенеттен медиа өкілдерінен қорқуды бастады? Керісінше, адамзат тарихы тек ашықтық, әділеттілікке қол жеткізуге көмектесетінін көрсетеді.

Сот процестеріне журналистердің қатысып, ақпарат таратуы судьяларды тараптардың «қысымынан» қорғай алады. Ал журналистер, медиа өз кезегінде медиаэтиканы сақтай отырып, объективті болуға, азаматтардың құқықтарын құрметтеуге және қоғамдық қызығушылық тудыратын оқиғаларды жариялауға тырысады. Егер «қоғамдық мүдде» болса, онда журналистерге қолжетімділік қамтамасыз етілуі тиіс!

Сауалнаманы дайындаған Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»

ПАЙЫМ

ЖАҢА ЗАҢ – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР КӨЗІ

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі – қоғамға бетбұрыс жасаған құжат. Бұл заңдағы басты ерекшелік – қазіргі кезде сот әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктемелерімен, арыздарымен, өтінішхаттарымен, олар ұсынған дәлелдемелермен және әкімшілік істің өзге де материалдарымен шектеліп қалмайды. Сонымен бірге әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттеуге құқылы.

Бұл заң аясында судьяға жаңа өкілеттіктер мен құқықтар берілді. Яғни, судья әкімшілік істің нақты және заңды тұстарына жататын негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы. Бұрынғы заң бойынша судьяға ондай құқық берілмейтін.

Тағы бір жаңашылдыққа тоқталар болсақ, сот өз бастамасымен немесе әкімшілік процеске қатысушылардың уәжді өтінішхаты бойынша қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинай алады. Сондай-ақ, әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттерін шешуге бағытталған өзге де әрекеттерді жүзеге асырады.

Қазіргі таңда тараптарды татуластыруға аса жоғары мән беріліп жатқаны белгілі. Қолданысқа енгеніне көп бола қоймаған бұл заңда да татуластыру рәсімдері кеңінен қолданылады. Егер тараптар дауды татуласу, медиация не партисипативтік жолмен шешуге тоқтаса, онда келісім жазбаша түрде жасалады. Оған екі жақ немесе олардың өкілдері қол қояды. Судья тараптардың татуласуы үшін қажетті шаралар қабылдай алады, дауды процесс барысында реттеуге көмектеседі. Татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім бойынша келісім не оның шарттары заңға қайшы келген жағдайда, сот оны бекітпей тастайды.

Сондай-ақ, адамдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін бұзатын келісімдерге де жол берілмейді. Дауласушы тараптар өзара татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсіммен реттеуге келісім бермесе немесе сот келісімнің шарттарын бекітпесе, әкімшілік істі талқылау жалпы тәртіппен жүргізіледі. Заң тараптардың өзара келісімге келуін, бір-бірімен татуласуын басты шарт ретінде қарастырады. Бұл мысалдар жаңа заңның гуманитарлық бағытын, заңнаманы одан әрі ізгілендіру ісінің нәтижелі жүргізіліп жатқанын көрсетеді.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі 12 қағидат негізінде жүзеге асырылады. Атап айтқанда, олар: заңдылық, әділдік, құқықтарды, бостандықтар мен заңды мүдделерді қорғау, мөлшерлестік, әкімшілік қалауды жүзеге асыру шектері, құқықтар басымдығының қағидаты, сенім құқығын қорғау, формальды талаптарды теріс пайдалануға тыйым салу, анықтық презумпциясы, соттың белсенді рөлі, әкімшілік сот ісін жүргізудің ақылға қонымды мерзімі және сот актілерінің міндеттілігі.

Мысалы, әкімшілік сот ісін жүргізу барысында тараптар, олардың бірі мемлекеттік орган – билік өкілеттіктері берілген лауазымды тұлға, ал екінші жағынан – жеке немесе заңды тұлға, бастапқыда тең емес жағдайда болады. Осыған байланысты соттың белсенді рөлінің қағидаты енгізілді. Оның мәні – соттың әкімшілік сот ісін жүргізуге белсенді қатысуы және тараптар арасындағы тепе-теңдікті сақтау, олардың тең мүмкіндігін қамтамасыз ету болып табылады. Жаңа кодекске сәйкес, дәлелдеу ауыртпалығын әкімшілік актіні немесе сұралып отырған әрекетті жасаудан бас тартуға негіз болған фактілерді шығарған әкімшілік орган көтеретіні өте маңызды. Бұл ретте жария дауларды сотқа дейін реттеу мүмкіндігі көзделген. Осылайша, азаматтар мен заңды тұлғаларға жария дауды реттеу үшін жоғары тұрған әкімшілік органға шағыммен жүгіну жеткілікті.

Қолданысқа енгізілгеніне үш айдан астам уақыт болған жаңа кодекс қазірдің өзінде өз тиімділігін көрсетуде. Әсіресе, барлығы бірдей қорғаушы жалдап, көп шығын шығаруға мүмкіндігі бола бермейтін жеке кәсіпкерлер мен азаматтар үшін тиімді үрдіс қалыптасты деп айтуға болады. Бір сөзбен айтқанда, жаңа кодекс – жаңаша мүмкіндіктер көзі.

Гүлшат ЖУСУПЖАНОВА,
Төлеби аудандық сотының судьясы
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

КӨКЕЙКЕСТІ

Ұлт көсемі Әлихан Бөкейхановтың сөзімен айтсақ, «Жұрт әділ болмай, жұрт ісі оңға баспайды». Өз-өзімізге әділ болған жағдайда ғана, іс оңға басады.

БАЛАЛАР **АЛИМЕНТТЕН** ҚАҒЫЛУДА

Бала бірге тұратын ата-анасының бірі, баланың қорғаншысы (қамқоршысы), патронат тәрбиеші, баланы қабылдайтын ата-аналар, жетім балалар, ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар ұйымдарының басшылары, қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган, егер бір адам бала асырып алуды баланың екінші ата-анасымен жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтары мен міндеттерін сақтай отырып жүргізсе, бала асырап алушы кәмелетке толмаған балаларға алимент өндіріп алу туралы талап қоя алады.

Алимент төлеуге міндетті адам және оларды алушы нотариаттың куәландыруымен алимент төлеу туралы жазбаша келісім жасасуға құқылы. Алимент төлеуге міндетті адам және алиментті алушы әрекетке қабілетсіз болған жағдайда келісім олардың заңды өкілдері арасында жасалады. Алиментті төлеу туралы нотариат куәландырған келісім болмаған жағдайда алимент алуға құқығы бар адам алименттерді өндіріп алу туралы талаппен сотқа жүгінуге құқылы.

Кәмелетке толмаған балаларға алимент өндіріп алу туралы талапты сот іс жүргізудің бұйрықтық немесе талап қою тәртібімен шешеді. Егер, ерлі-зайыптылар арасында алимент төлеу туралы келісім болмаса, сот кәмелетке толмаған бір балаға ата-анасының ай сайынғы табысының және өзге де кірісінің төрттен бір бөлігін; екі балаға – үштен бір бөлігін; үш және одан да көп балаға тең жартысын өндіріп алады. Сот бұйрығында балалар он сегіз жасқа толғанға дейін алимент өндірілетіні анық көрсетіледі.

Кәмелет жасқа толмаған балаларды асырап бағуға алимент өндіру туралы сот шешімі дереу сот орындаушыларға жіберледі. Ал жеке сот орындаушылар өздерінің өндірісіне түскен сот бұйрығының негізімен атқару өндірісін қозғау туралы қаулы шығарып, сот шешімдерін мәжбүрлі түрде орындау шараларын қолданады.

Қолданыстағы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның 47-бабының 1-бөлігі 1-тармағына сәйкес, егер өндіріп алушы өндіріп алудан бас тартса, атқарушылық іс жүргізу өндірісі қысқартылуы тиіс деп көрсетілген. Соңғы жылдары осы заң талаптарын негізге ала отырып, «алиментті өндіріп алушы атқару өндірісін қысқартуды сұрап арыз жазды» деген сылтаумен сот орындаушылардың істі қысқарту туралы қаулы қабылдап, алимент өндіруді тоқтатып тастауы жиі кездесіп жүр. Атқарушылық өндірісті қысқарту туралы арыздардың жазылу себептерінің бірі – ерлі-зайыптылардың уақытша татуласуы, өндіріп алушылардың құқықтық сауаттылығының төмендігі. Татуласқан ерлі-зайыптылар екі-үш ай өтпей ренжісіп, екі жаққа кетеді. Ал, қысқартылған атқарушылық өндіріс қайтадан жаңартылмайды. Кәмелетке толмағандарды он сегіз жасқа дейін асырап бағу үшін өндірілген алимент төленбей орта жолда қалады. Сот орындаушылар атқарушылық өндірісті қысқарта отырып, кәмелетке толмағандардың екінші ата-анасынан материалдық көмек алу құқығын бұзады. Заң талаптарын дұрыс түсінбейтін өндіріп алушылар атқару өндірісі қысқарғаннан кейін бұл өндіріс жаңартылмайтынын біле бермейді.

Осылайша өндіріп алушылар алимент өндіру туралы арызбен екінші рет сотқа жүгінеді. Ал, сот Азаматтық процестік кодекстің талаптарына сәйкес, арызды қабылдаудан бас тартады. Өйткені, сот бұйрығын негізге алады. Сот бұйрығының күші жойылмаған. Өндіріп алушы сот орындаушының қаулысына шағым беруге әрекеттенеді. Көбінесе, шағым беру мерзімін өткізіп алғанына байланысты арыз сот өндірісіне қабылданбайды. Осының салдарынан кәмелетке толмағандар материалдық көмексіз қалады.

Негізінде алимент сот шешімімен кәмелет жасқа толмаған балаларды асырап бағуға төленіп отырса, атқарушылық өндіріс қысқартылмауы керек. Өйткені, балаларды асырап бағуға төленетін атқару өндірісі сот актісінің күші жойылмаған немесе орындау уақыты аяқталған кезде ғана қысқартылуға жатады.

Л.ӘБІШЕВА,
Арқалық қалалық сотының судьясы

БАСТАМА

ӘКІМШІЛІК РӘСІМДІК-ПРОЦЕСТІК КОДЕКСТІҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ КӨП

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қабылданып, қолданысқа енгізілгеніне 100 күннен асты. Бұл заң ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енді.

Жария-құқықтық дауларды қарайтын жаңа сот Президенттің Жарлығымен елімізде мемлекеттік органдар мен азаматтар және заңды тұлғалар арасындағы теңсіздікті қалпына келтіретін әкімшілік әділет енгізу аясында құрылды. Әкімшілік әділет құқықтық мемлекеттің ең маңызды белгісі және оның басты мақсаты қарапайым халықтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау болып танылады. Қысқасы, бұл – мемлекеттік әкімшілік қызметтің, олар қабылдаған шешімдердің заңдылығын соттық қадағалау. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс әлсіз тарап пен алып бюрократиялық аппараттың арасындағы теңсіздікті қалпына келтіруге бағытталған. Осы заң аясында кәсіпкерлер де мемлекеттік органмен заңсыз әкімшілік акт қабылдау немесе олардың әрекетсіздіктерінің салдарынан келтірілген шығындарды өндіріп алуды талап ету мүмкіндігіне ие болды.

Жаңа заң қолданысқа енгізілгелі көпшіліктен әкімшілік істердің соттылығы жайлы сұрақтар жиі түсіп жатады. Бұл орайда, әкімшілік істердің ара жігін ажырата білу маңызды. Мысалы, қоғамдық орынды ластағаны үшін құқық бұзушы әкімшілік жауаптылыққа тартылады. Бұл әкімшілік істер әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотта қаралады. Ал мемлекет тарапынан адамның құқығы бұзылған жағдайда бұл дау Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс негізінде мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотта қаралады. Мұндай әкімшілік іс бойынша мемлекет жауапкер, ал жеке немесе заңды тұлға талап қоюшы болып танылады.

Жалпы, азаматтық даудың қаралуы барысында екі тарап та тең. Сотқа қандай құжаттарды тапсырсаң, сол дәлелдемелердің негізінде сот шешім шығарады. Ал әкімшілік дауды қарау кезінде теңдік жоқ, себебі бір тарап азаматтар болса, екінші тарап – мықты мемлекеттік аппарат. Соңғысының күші басым екені сөзсіз. Осы орайда, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске енгізілген нормалардың бірі – соттың белсенді рөлін атап өтуге болады.

Заң аясында соттың белсенді рөлі қандай іс-әрекеттерден көрініс табады? Яғни, сот әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктемелерімен, арыздарымен, өтінішхаттарымен, олар ұсынған дәлелдермен, дәлелдемелермен және әкімшілік істің өзге де материалдарымен шектеліп қана қоймай, әкімшілік істі дұрыс шешу үшін маңызы бар барлық нақты мән-жайды жан-жақты, толық және объективті түрде зерттейді. Судья әкімшілік істің нақты және заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы. Сондай-ақ, сот өз бастамасы немесе әкімшілік процеске қатысушылардың уәжді өтінішхаты бойынша қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинайды, сондай-ақ, әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттерін шешуге бағытталған өзге де әрекеттерді орындайды.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте дәлелдемелердің анықтық презумпциясы да қарастырылған. Ол әкімшілік рәсімді жүзеге асыру кезінде әкімшілік рәсімге қатысушы ұсынған құжаттар, дәлелдемелер мен материалдар әкімшілік орган оны жоққа шығармайынша анық деп есептелуді білдіреді. Сот мемлекеттік орган тарапынан құқыққа қайшы іс-әрекеттердің жасалуына жол бермейді. Адам құқығының бұзылмағанын делелдеп беру мемлекеттік органға жүктеледі.

Ботагоз БАЯНОВА,
Нұр-Сұлтан қалалық сотының баспасөз хатшысы

Нұр-Сұлтан қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына жаңа заң қолданысқа енгізілген 100 күннің ішінде 1067 талап арыз түскен. 169 әкімшілік іс бойынша сот шешімі шығарылған. 13 әкімшілік іс бойынша ақшалай өндіріп алу мәжбүрлеу шарасы қолданылған. Оның ішінде сотқа уақытылы құжат тапсырмағаны, сот талқылауына қатыспағаны үшін 9 сот орындаушысына және 4 мемлекеттік органның өкіліне ақшалай өндіріп алу шарасы қолданылған.

Сондықтан, құжаттардың телнұсқалығына күмән болған кезде, әкімшілік орган телнұсқалығын өзі дербес тексеруге міндетті.

Кодексте соттық әсер етудің бір әдісі ретінде процестік мәжбүрлеу шаралары қарастырылған. Процестік мәжбүрлеу шараларына ескерту, сот отырысы залынан шығарып жіберу, ақшалай өндіріп алу жатады. Ақшалай өндіріп алу мәжбүрлеу шарасының жаңа түрі ретінде танылады. Бұл шара процестік құқықтарды теріс пайдаланатын немесе процестік міндеттерді орындамайтын тұлғаға, оның ішінде сот белгілеген мерзімді дәлелсіз себептермен бұза отырып дәлелдер ұсынылған, тапсырмалар орындалған жағдайларда қолданылады. Осы іс-әрекеттер әкімшілік істі қараудың созылуына алып келсе, сот әрбір әрекет (әрекетсіздік) үшін 10 АЕК мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы.

Сонымен қатар, аталған мәжбүрлеу шарасы соттың талабын, сұрау салуын орындамағаны, әкімшілік іске қатысушы адамның сотқа келмегені, сотқа уақытылы хабарламағаны, кері қайтарып алуды уақытылы бермегені, сот отырысында төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбағаны, сотта белгіленген қағидаларды бұзғаны, сондай-ақ сотты, судьяны құрметтемегені туралы анық куәландыратын өзге де әрекеттер үшін қолданылады. Бұл әрекеттер үшін сот 20 АЕК мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы.

Ал, соттың шешімін, соттың тараптардың татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімін бекіту туралы ұйғарымын орындамағаны үшін сот жауапкерге 50 АЕК мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды қолданады. Ақшалай өндіріп алу жеке тұлғаға, лауазымды адамға, заңды тұлғаға не оның өкіліне 10 АЕК-тен бастап 100 АЕК-ке дейінгі мөлшерде қолданылады. Бұл шаралардың барлығы дауды сотта қарау барысында мемлекеттік аппараттың әрекетсіздігінен қарапайым адамдарды қорғауға бағытталған.

Нұр-Сұлтан қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына жаңа заң қолданысқа енгізілген 100 күннің ішінде 1067 талап-арыз түскен. 169 әкімшілік іс бойынша сот шешімі шығарылған. 13 әкімшілік іс бойынша ақшалай өндіріп алу мәжбүрлеу шарасы қолданылған. Оның ішінде сотқа уақытылы құжат тапсырмағаны, сот талқылауына қатыспағаны үшін 9 сот орындаушысына және 4 мемлекеттік органның өкіліне ақшалай өндіріп алу шарасы қолданылған.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің тағы бір жаңашылдығы ретінде мемлекеттік аппаратпен татуласу мүмкіндігін қарастырғанын айтып өтуге болады. Үш ай ішінде сотқа тапсырылған арыздар бойынша 69 әкімшілік іс тараптардың татуласуымен аяқталды.

Әкімшілік дауларды татуласу, медиация немесе партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу өз кезегінде мемлекеттік аппарат тарапынан жол берілген бұзушылықтарды бейбіт жолмен шешуге мүмкіндік береді.

ТҰЛҒА

ӨМІРІ ӨНЕГЕМЕН ӨРНЕКТЕЛГЕН

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ақтау қаласының мамандандырылған әкімшілік сотында судьялық қызметте жүрген кезімде Қамбар Жұмабайұлы Маңғыстау облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы болатын. Қызмет барысында ол кісіні әр қырынан байқадым.

Тумысынан зерек жігіт орта мектепті «Алтын медальмен» аяқтаған соң, қазақ білімінің қайнар бұлағы саналған С.М.Киров (қазіргі әл-Фараби) атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің «құқықтану» мамандығына түседі. 1983 жылы оқуын тәмамдап, алғашқы еңбек жолын сол жылы Гурьев қалалық сотының консультанты болып бастаған.

Судьялық қызметінің әлқиссасын 1987 жылы Балықшы аудандық сотынан бастап, әр жылдары Гурьев қалалық сотының халық судьясы, Балықшы аудандық сотының төрағасы, Атырау облыстық сотының судьясы, сот алқасының төрағасы, Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстық соттары алқаларының төрағасы, Батыс Қазақстан облыстық сотының төрағасы және Атырау облыстық сотының сот алқасының төрағасы болып істеген.

Қызмет еткен кезеңінде әр аймақтың ерекшеліктерімен етене таныс әрі төрелік қызметте орасан зор тәжірибе жинаған сот саласының сырттаны 2016–2017 жылдары ҚР Жоғарғы Сотының судьясы қызметін атқарды.

Әр аймақтың ерекшелігімен таныс деген сөзіме дәлел болсын – 2017 жылы Қызылорда облыстық сотының төрағасы қызметіне келер тұста, тағайындау туралы Жарлық шыққан сәттен бастап, Алаштың Анасы атанған аймақтың тарихын, мәдениетін толыққанды зерттеген. Осы ісінен де жауапкершілігі мол жан екендігін байқауға болады.

Қызылорда облыстық сотының төрағасы қызметіне алғаш кіріскен күннен бастап өзінің жаңашылдық принципін берік ұстанған білікті басшы облыстық соттың тасын өрге домалатып келеді. Апелляциялық сот алқасының қабылдаған сот актілерін күнделікті тексеруден өткізіп, сот актілерінің нақты түсіндірілуіне, уәжделуіне баса назар аударды.

Іскерлігінің арқасында құқық қорғау органдары және медиация орталықтарымен түрлі меморандумдарға отырып, халықпен кері байланысты қарқынды дамытты. Өзінің тікелей бастамасымен жаңартылған Қызылорда облыстық сотының ғимаратында сот музейін ашып, ішін Сыр елінің тарихынан сыр шертетін әр кезеңнің жәдігерлерімен толықтырды.

ҚР Жоғарғы Сотының «Сот төрелігінің жеті түйіні» бағдарламасы шеңберінде Қамбар Жұмабайұлының мұрындық болуымен облыс көлемінде түрлі жобалар мен ауқымды жұмыстар атқарылуда.

Биік қызметтерде жүрсе де, қарапайымдылығынан әсте тайған емес. Әріптестерімен қарым-қатынаста адамгершілік ұстанымын алға қояды. Салиқалы да салмақты бейнесі, көркем сөз саптауы кейінгі буын ізбасарларының кәдесіне жарайтыны анық.

Адам тағдарын шешетін әрбір іс жүректі қозғамай тұрмайды. Қамбар Жұмабайұлы қызығына қарағанда көңіл құлазытатын қиындығы мол қызметпен қатар спортты да жанына серік еткен сарабдал азамат. Өзі ғана емес, жастарды да салауатты өмір салтын ұстануға шақырып, спорттық сайыстарда әрқашан қолдау білдіріп жүреді.

Бойынан зиялылығы мен тектілігі бірден байқалады. Кітап сүйгіштігі өз алдына бөлек әңгіме. Алқалы жиында қатпар-қатпар ой, кесек-кесек сөздер айтып, Абайдың, М.Әуезовтің, Б.Соқпақбаевтың шығармаларындағы ойлы сөздерді орағытып жеткізген кезде, қазақтың шешендік өнеріне терең бойлағандығын байқайсың.

Өн бойына даралық пен даналықты сыйдыра білген ел ағасының игі бастамалары, сот билігінің қарқынды дамуына қосқан елеулі үлестері, өнегеге толы өмірі талайларға үлгі болары анық.

Ары мен ожданы таразыда қатар тартылатын жауапты қызметті атқара жүріп, «Қазақстан Республикасының Конституциясына 10 жыл», «Қазақстан Республикасының Конституциясына 20 жыл», «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 25 жыл» медальдарымен, ҚР Жоғарғы Соты төрағасының II, III дәрежелі «Мінсіз қызмет үшін», ҚР Судьялар одағы филиалының «Үш би» құрмет белгісімен, «Заң» Медиа-корпорациясының алғыс хаттарымен марапатталды.

Бүгінде Қ.Жұмабайұлы бір әулет емес, бір рулы елдің абыз ақсақалына айналып отырған ұлағатты жан, аяулы жар, абзал әке, ақылман ата. «Тектіден текті туады» демекші, балалары да әке жолын жалғап, сот саласын таңдап, ат тұяғын тай басып келе жатқаны қуантады.

Осынау мерейлі мерекеде Қамбар Жұмабайұлын шын жүректен құттықтай отырып, деніне саулық, басына амандық, отбасына бақыт пен береке, қызметіне абырой тілеймін.

Шолпан МАЛИКОВА,
Қызылорда облыстық сотының судьясы

ТҮЙТКҮЛ

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН БАЛАЛАРЫН КҮТІП-БАҒУ – АТА-АНАҒА МІНДЕТ

Ақмарал АХМЕТОВА,
Маңғыстау облыстық сотының судьясы

Дерек көздеріне сүйенсек, елімізде 200 мыңнан астам адам алимент төлеуші ретінде тіркеуде. Оның басым бөлігін ер адамдар құрайды екен. Өкініштісі, тіркеуде тұрғандардың қатарында әйелдер де жоқ емес. Тәжірибемізде өз ошағы мен туған баласынан безінген ерлер, алиментін даулаған жалғызбасты аналар, баласын жалғыз тәрбиелеп отырған ерлер, тіпті, әке-шешенің мейіріміне зәру жеткіншектер жиі кездеседі. Осы ретте, алимент дауының тамыры тереңдеп, қоғамның өзекті мәселесіне айналғанын аңғару тіптен қиын емес. Бүгінде балалардың анасына, өзін асырай алмайтын зайыбына және ересек адамның өз ата-анасына төлейтін алимент түрлері бар. Елімізде алименттің ең көп таралған түрі бұл баланы асырауға төленетін төлемдер болып табылады. Өңірде 2021 жылдың 9 айында кәмелетке толмаған балаларды күтіп-бағу бойынша барлығы 140 талап қою арызы түсіп, 72-сі қанағаттандырылып, оның ішінде 1 іс бітімгершілікпен, 12 іс татуласу келісіміне қол жеткізуге байланысты қысқартылған. Сондай-ақ, есепті кезеңде аталған санат бойынша 1550 сот бұйрығы шығарылған.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодекстің 19-тарауы ата-аналар мен балалардың алименттік міндеттемелеріне арналған. Аталған кодекстің 138-бабына сәйкес, кез келген ата-ана өздерінің кәмелетке толмаған балаларын күтіп-бағуға міндетті. Осы орайда, егер ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларына, сондай-ақ, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінде, күндізгі оқу нысаны бойынша жоғары білім беру жүйесінде оқитын жиырма бір жасқа дейінгі кәмелетке толған балаларына күтіп-бағу қаражатын ерікті түрде бермеген жағдайда, бұл қаражат олардан сот тәртібімен өндіріп алынады. Кәмелетке толмаған балаларға алимент өндіріп алу туралы талаптарды сот іс жүргізудің бұйрықтық немесе талап қою тәртібімен шешеді. Әке (ана) болудың анықталуына немесе үшінші тұлғаларды тарту қажеттігіне байланысты емес кәмелетке толмаған балаларды бағып-күтуге арналған алиментті өндіріп алу туралы талаптарды соттар арызда көрсетілген сот ісін жүргізу түріне қарамастан, АПК-нің 135-бабының 4-тармақшасына сәйкес, бұйрық арқылы іс жүргізіп қарайды. Сондай-ақ, алимент өндіріп алу туралы талап қоюлар бойынша талап қоюшылар соттарда мемлекеттік баж салығын төлеуден босатылады. Кәмелетке толмаған балаға алимент өндіріп алу туралы талап ата-аналардың еңбекке жарамдылығына, баланың алиментке мұқтаждығына қарамастан қанағаттандырылады. Енді аталған кодекстегі кәмелетке толмаған балаларды күтіп-бағуға сот тәртібімен өндіріп алынатын алименттің мөлшері туралы айтатын болсақ, алимент төлеу туралы келісім болмаған кезде, сот кәмелетке толмаған балаларға олардың ата-аналарынан алиментті ай сайын бір балаға ата-анасы табысының және өзге де кірісінің төрттен бір бөлігін, екі балаға үштен бір бөлігін, үш және одан да көп балаға тең жартысын өндіріп алады. Аталған үлестердің мөлшерін сот тараптардың материалдық, отбасылық жағдайларын, өзге де мән-жайларды ескере отырып, кемітуі немесе көбейтуі мүмкін.

Мемлекет басшысы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында дау-дамайды шешудің баламалық тәсілдерін дамыту қажеттігіне тоқталып, бұл ұстаным мемлекеттің қатысуынсыз-ақ ымыраға келуге жол ашатындығын айтқаны белгілі. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодекстің 18-бабында некені бұзу кезінде ерлі-зайыптылардың арасында ортақ мүлікті бөлуге, еңбекке қабілетсіз жұбайын, сондай-ақ, кәмелетке толмаған балаларын күтіп-бағуға қаражат төлеуге қатысты туындайтын даулар медиация тәртібімен немесе сот тәртібімен қаралатындығы көрсетілген. Осы орайда, елімізде алимент даулары бойынша татуласуға, ерлі-зайыптылардың өзара келісім жасасуына кеңінен мүмкіндіктер бар. Сондай-ақ, алимент өндіру сияқты даусыз талаптар бойынша тараптар нотариусқа жүгіне алады, себебі алимент бойынша келісімдер жасасудың өз артықшылықтары бар. Атап айтсақ, құпиялылық пен арадағы қарым-қатынас сақталып, келісім ерікті түрде орындалады. Мұндай даулардың соттың араласуынсыз реттелуі алименттік міндеттемені орындау рәсімін айтарлықтай жеңілдетеді. Ал, «сыйласаң – сыйлы боласың» демекші, алимент даулары бойынша тараптардың татуласып, бітімгершілікке келуі арадағы сыйластықты сақтайды. Тараптар болмашы дауларда бір-біріне кешіріммен қарап, «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келетінін» ескеріп, сыйластық жібін үзбей, сотқа дейін немесе сотта татуласып жатса, нұр үстіне нұр болмақ.

Қорыта айтсақ, қай заманда да қазағым өз баласын өзектен теппеген, бүгінгідей табысын балаларынан жасырмаған. Ұрпағын бүкіл ұлттың болашағы деп қараған ата-бабаларымыз түтінін түзу шығарып, алтын ошағының қорғаны бола білген. Сондықтан, әр адам алимент өндіру, төлеуден бұрын шаңырақтың шаттығын, ұрпақтың тәрбиесін ойлағаны абзал. Себебі, дүниеге шыр етіп келген сәбидің бәрі әкеден ақыл, анадан мейірім алып өсуі тиіс.

ТҮЗЕУ МЕКЕМЕСІ

«ҮМІТ-2021» КОНКУРСЫ ӨТТІ

Алматы қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінде жылдағы дәстүр бойынша сотталғандардың өнерін сынға салатын «Үміт» байқауы өтті.

Сотталғандар бұл байқауда екі номинация бойынша, атап айтқанда қолөнер бұйымдарын жасау мен сурет өнері бойынша сайысқа түсті. Бұл конкурс сотталғандар арасында да небір шеберлер мен суретшілер бар екенін анықтады. Атап айтқанда қолөнер бұйымдары бойынша ЛА-155/6 мекемесінде жазасын өтеп жатқан жасөспірімнің қолынан шыққан судың екпінімен қозғалысқа түсетін «Эксковаторы» әділқазылар алқасының жоғары бағасына ие болып, бірінші орынды иеленді. Шприц пен суды, гуашты қолданған шебердің өнері оның болашағынан зор үміт күттіретін мамандық иесі болатынына сенімді күшейтті.

Сурет өнері бойынша жүлделі орынға ЛА-155/18 мекемесінен сотталған С-ның салған «Гармония» атты картинасы ие болды. Бұл суретке қараған адам өзіне таныс қаншама бедерді көргенімен, суретшінің шеберлігі арқасында олардың барлығы бір шеңберде үйлесім таба алған. Ал анықтап қарап, санаңызбен салмақтайтын болсаңыз, бұл суреттен ананың да, махаббаттың да, бостандық пен сенімнің де суретін көресіз. Бұл көрмеге сотталған С.-ның бұдан басқа да «Менің жаным», «Менің арманым – Алыс» атты суреттері де қойылды.

Әділқазылар алқасына төрелік еткен Алматы қаласы бойынша ҚАЖД бастығы әділет полковнигі Д.Қанатбеков «Сотталғандар арасында өткен «Үміт–2021» конкурсының мақсаты – сотталғандарды табиғаттың кереметін сезіне алуға, өнердің тылсымын түсінуге, олардың эстетикалық түсінігін қалыптастырып, айналасындағы сұлулыққа деген құштарлығын арттыруға тәрбиелеу. Конкурс жеңімпаздарына белгіленген ақшадай сыйлық, олардың жеке шоттарына аударылатын болады» – деді. Сонымен қатар жеңімпаз сотталғандар департамент басшылығы тарапынан мақтау грамоталарына ие болды.

Алматы қаласы бойынша ҚАЖД

«ЖАСТАР – БІЗДІҢ БОЛАШАҒЫМЫЗ!»

Алматы қаласы ҚАЖ департаментіне қарасты ЛА-155/6 мекемесінде көңілді тапқырлар клубы (КВН) өтті. Көңілділер сайысына М.Тынышбаев атындағы Алматы көлік колледжінің, Алматы қаласының сән және дизайн колледжінің, Алматы индустрия және қонақжай туризм колледжінің, Алматы технология және флористика колледжінің және ЛА-155/6 мекемесінің «Жacstar» командалары қатысты.

Әрқайсысының құрамында бес ойыншысы бар бес команда сайыс барысында «Жастар – біздің болашағымыз!» деген тақырыптың мағынасын ашып, елге, Отанға деген патриоттық сезімдерін толықтай жеткізе білді.

Сәлемдесу, 5 жаналық, үй тапсырмасы сияқты 3-турдан тұрған әзілкештер жарысын құрамында «Алматы ақшамы» газетінің бөлім редакторы, журналист Нұржамал Әлішева, Жамбыл атындағы жасөспірімдер кітапханасының бөлім басшысы Шарайна Құмарова, Жетісу ауданы әкімдігінің өкілдері Әсемгүл Батыргереева, Мадина Ташкараева, «Қазақстан жастары» қоғамдық қорының жоба жетекшісі Бейбарыс Зарипов және «Реванш» қоғамдық қорының өкілі Елена Билоконь енген әділқазылар алқасы бағалады.

Тартысты дода барысында ЛА-155/6 мекемесінің «Жacstar» командасы бірінші орынның биігінен көрінсе, екінші орынды М.Тынышбаев атындағы Алматы көлік колледжінің «Энержи» командасы еншіледі. Алматы қаласының индустрия және қонақжай туризм колледжінің «Китиг» командасы 3-орынға табан тіреді. Қазылар алқасы шараға қатысып, белсенділік танытқан командаларға да сыйлықтар табыс етті. САТЖБ бөлімінің бастығы, әділет майоры Алма Бәзілбаева колледж студенттері мен ұстаздарына, басшыларына мекеме бастығының атынан алғыс айтып мақтау қағаздарымен марапаттады.

Мұндай іс-шаралардың жиі өтуі жазасын өтеуші жасөспірімдерге жақсы жағынан әсер етері анық.

Е.ЖЕҢІСХАН,
ЛА-155/6 мекемесі

ОРТАҚ МҮДДЕ

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Қоғамның саяси жүйеге көңілі толмауы заңдылық. Мемлекетті атқарушы билік пен азаматтық қоғам қалыптастырады. Алайда, азаматтық қоғамды оппозициялық бағыт, билікке қарсы күш деп қабылдайтын түсінік басым. Бізде азаматтық қоғамның кешеуілдеп жатуының бір себебі де осында.

Азаматтық қоғам дамудың, өркендеудің, өмір сапасын арттырудың жетекші күші. Ал мұндай ауқымды міндетті атқару тек мемлекеттің ғана шаруасы емес. Кез келген ел дамудың жаңа моделін таңдайды, ұлт болашағына қатысты әртүрлі әлеуметтік, саяси, мәдени, экономикалық бағдарламалар қабылдайды, әрқилы сын тәуекелдерге бас тігеді. Мұндай ұлы мұраттарды атқаруға ат салысу сол кеңістікті мекен еткен кез келген азаматтың мойнындағы парыз. Ендеше, бұның бәрі жоғарыдағы оппазициялық бағыт тұжырымын терістейді. Азаматтық қоғам көзқарастар тұтастығын көрсетеді. Онда топ, тап ұғымы болмауға тиіс. Саясаттанушы Нұрбол Қасымбек: «Азаматтық қоғам ілгерілеген ортада бюрократиялық кедергілер азаяды, ашықтық, әділеттілік орнайды» – деп есептейді. Қоғамдық көзқарастың азаматтық қоғамды оппозициялық көзқарас шеңберіне жатқызуын саясаттанушы елдегі азаматтық қозғалыстардың дамымай отыруымен байланыстырады. «Мұндай көзқарастардың болуы біз сияқты дамушы мемлекеттерде заңдылық. Өйткені, біздің қоғам кеңестік кезең идеологиясынан әлі ажырай қоймады. Сол себепті қоғамдағы кез келген мәселенің өткір айтылуы, топтық жиындарда ашық айтылуы, мүдделес адамдардың топтасып, билікке өз наразылықтарын білдіруі бәрі азаматтық қоғамның алғышарттары есебінде емес, оппазициялық наразылық есебінде қабылданады. Біз бұл сатыдан өтіп, өзіміз өмір сүріп отырған ортаның кез келген мәселесіне заңдық шеңберде ашық ой пікір білдіретін уақыт келді. Егер біз өзіміздің ортаның шектен тыс ластанып кетуін, экологиялық мәселелерді, әлеуметтік ахуал мен банк, несие төңірегіндегі экономикалық шиеленісті мәселелерді айтып, ортаға сала алмасақ, тиісті мекемелерден осы сауалдарға ешқандай жауап ала алмасақ онда әрине, біздегі азаматтық қоғам алғышарттары кешеуілдей береді. Президент жастардың, жалпы азаматтық қоғам мүшелерінің әрқашан ашық диалогта болғанын қалайды. Оны өзіміз де жыл сайынғы жолдауларынан байқап жүрміз. Сондықтан біз өзіміз ең алдымен ашықтыққа, шынайы ой тәуелсіздігіне қол жеткізуге тиіспіз» дейді.

Азаматтық қоғамды алға жылжытудың бір тетігі ретінде еріктілер қозғалысын айтамыз. Шындығында соңғы жылдары осындай еріктілер қозғалысы арқылы көптеген игілікті істер атқарылды. Мәселен, саясаткер, қоғам қайраткері Дархан Калетаев азаматтық қоғамды дамытудың алғышарттары ретінде еріктілерді, жастардың әртүрлі азаматтық қозғалыстарын айтады.

«Бізде еріктілікті дамыту бойынша үлкен әлеует бар. Оны ақысыз еңбек факторы ретінде қабылдағанмен, ол да салымдарды талап етеді. Қазақстанға волонтерлер бойынша тәжірибе де, әріптестік те қажет. Қазақстан КРІ деп аталатын стратегиялық жоспарларды қалыптастырудың әлемдік парадигмасына сүйенеді, алайда мұның бәрі тиісті азаматтық бақылауды талап етеді. Мысалы, 2010 жылдан бастап елімізде мемлекеттік органдар қызметінің тиімділігін бағалау қолданылып келеді, алайда бізде оны мемлекеттік органдардың өздері жасайды. Әлемде мұны ҮЕҰ (үкіметтік емес ұйымдар) іске асырады. Немесе форумда айтылған ұсыныстардың бірі – жолдаулар мен стратегиялық жоспарларды насихаттауда дәстүрлі ақпаратты-насихаттық топтардың орнын ҮЕҰ басуы керек. Сондай-ақ, ҮЕҰ-ның экономикаға неғұрлым тығыз кірігуі аясында қазақстандық бизнестің азаматтық қоғам мен әлеуметтік жауапкершілікке бет бұра бастағанын айтқан жөн. Бұл жолда, яғни қайырымдылық пен донор болғысы келетіндер үшін және оларды қолдауға мұқтаж адамдар бір-бірін табу үшін көптеген кедергілерді жою керек. Әлемдік тәжірибеге сәйкес, бизнестің азаматтық қоғам институттарын дамытудағы үлесін кем дегенде төрт есе ұлғайту керек. Алдағы уақытта біз ұрпақтар сабақтастығын сақтай отырып, өзгерістерге де дайын болуымыз керек» дейді.

Мемлекетті ілгерілетіп, өркениетті елдер қатарына қосатын жастар, жастардың идеяларымен, сол жолдағы ізденістері. Осындай ұлы мұраттардың жауапкершілігін сезінген басқарушы билік әр жылдары Жастар жылы, Еріктілер жылы, Ауыл жылы деп атау беріп, алдыңғы шепке ұмтылудың озық бағдарламаларын жасауда.

Қазақстанда жастардың үлес салмағының өсуі де елдің болашағынан үлкен үміт күттіреді. Жастар қоғамдық құндылықтарды жетілдіреді, ел өркендеуіне өзіндік үлесін қосады. Жаңа инновациялар мен тың идеяларға тоқтаусыз қызмет етеді. Бұл Қазақстанда болашақта азаматтық қоғам мен жастық максимализмге толы идеялардың үстемдік құратынын көрсетеді. Ендеше, бүгінгі саясат ұстанымы инвестицияның жастарға құйылуы керектігін көрсетп отыр. Моральдық та материалдық та қамтамасыз етілген жастан креативті ойлар мен көзсіз тәуекелдер туатыны анық. Ендеше, бұл бағдарламалар тұрғысынан Қазақстан бүгін де көпке үлгі. Білімді жастары бар елдің болашағы зор.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

МІНБЕР

ҰЛТ ЖОСПАРЫНЫҢ ҰТЫМДЫ ТҰСТАРЫ

ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Назарбаев ҚР судьяларының VII съезінде «100 нақты қадам» – Ұлт жоспары» бағдарламасын жүзеге асыру барысында сот жүйесі түбегейлі жаңаруы тиіс. Судья тек заңды жүзеге асырушы ретінде ғана көрінбей, ол – қоғамдағы қарама-қайшылықтардың алдын алып, адами қарым-қатынастарды үйлестіретін, азаматтардың өмірін болжамды және тұрақты ететін тұлға», – деді.

ҚР Президенті Қ. Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» деп аталатын Жолдауында заң үстемдігі орнықпаса және азаматтардың қауіпсіздігіне кепілдік берілмесе, әлеуметтік-экономикалық дамудың бірде-бір міндеті табысты жүзеге асырылмайды. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» – бұл, шын мәнісінде, «Әділетті мемлекет» құру тұжырымдамасы. Азаматтардың мәселелерін тыңдап, көріп қана қою жеткіліксіз. Ең бастысы – дұрыс және әділ шешім шығару қажет, – деп атап көрсетті.

Мемлекетіміз ел Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойын экономикада, әлеуметтік салада, сондай-ақ, сот-құқықтық реформа саласында да зор жетістіктермен қарсы алып отыр.

Жоғарғы Сот тарапынан сот жүйесін жаңғыртуға бағытталған жұмыстардың нәтижелі атқарылып жатқанын уақыттың өзі дәлелдеп отыр.

Сол жүйелі түрде атқарылған жұмыстардың нәтижесінде қол жеткізген жетістіктердің бірі, әрі негізгісі ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі (әрі қарай ӘРПК) қабылданып, оның 2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілді.

Мемлекеттік органдардың осы кодексте көзделген ішкі әкімшілік рәсімдерін жүзеге асыру тәртібі ҚР нормативтік құқықтық актілерінде реттелмеген бөлігінде:

1) ҚР Президентінің қызметінде, Мемлекет басшысының қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың, Қазақстан Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың;

2) ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Кеңсесінің;

3) ҚР Парламенті палаталары, Орталық сайлау комиссиясы аппараттарының;

4) ҚР Конституциялық Кеңесі, ҚР Жоғары Сот Кеңесі, Қауіпсіздік Кеңесі, ҚР Жоғарғы Соты аппараттарының және соттар кеңселерінің;

5) ҚР Үкіметінің, ҚР Премьер-Министрі Кеңсесінің, ҚР орталық атқарушы органдарының және олардың құрылымдық, аумақтық бөлімшелерінің;

6) ҚР жергілікті өкілдік органдары аппараттарының;

7) жергілікті атқарушы органдарының қызметінде қолданылады.

Сонымен қатар, кодексте белгіленген әкімшілік рәсімдердің тәртібі:

1) ҚР Қылмыстық-процестік, Азаматтық процестік заңнамасында және ҚР әкімшілік құқықбұзушылық туралы заңнамасында;

2) ҚР Конституциялық Кеңесі туралы, Жоғары Сот Кеңесі туралы заңнамада;

3) ҚР бюджет заңнамасында;

4) Заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу, ұсыну, талқылау, қолданысқа енгізу және жариялау тәртібі бөлігінде «Құқықтық актілер туралы» ҚР заңында;

5) ҚР сайлау және республикалық референдум туралы заңнамасында;

6) ҚР сыртқы барлау туралы, қарсы барлау, жедел-іздестіру қызметі туралы, сондай-ақ күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және күзету іс-шараларын жүргізу жөніндегі заңнамасында;

7) нотариаттық әрекеттерді жасау бөлігінде нотариат туралы заңнамасында реттелетін қатынастарға қолданылмайды.

Кодекстің әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыру тәртібіне байланысты күші ҚР арнаулы мемлекеттік органдар туралы заңнамасында реттелетін қатынастарға және әкімшілік актіні қабылдауға байланысты емес әкімшілік әрекетті жасау (әрекетсіздік таныту) тәртібіне байланысты қатынастарға (осы кодекспен тікелей реттелуге жататын жағдайларды қоспағанда) қолданылмайды.

Оралбек БАҚТЫГЕРЕЕВ, Шалқар аудандық сотының төрағасы

Судья әкімшілік істің нақты және заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы.

Сот өз бастамасы немесе әкімшілік процеске қатысушылардың уәжді өтінішхаты бойынша қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинайды, сондай-ақ, әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттерін шешуге бағытталған өзге де әрекеттерді орындайды.

Бұл жерде заң шығарушы соттың құзыретін барынша кеңейткен. Әкімшілік сот ісін жүргізу соттың белсенді рөлі негізінде жүзеге асырылады.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕР

«Қазіргі кезеңдегі этносаралық келісім: тәжірибе мен алдағы міндеттер» деп аталатын бұл халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның жұмысы екі күнге созылды. Оны ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, Жамбыл облысының әкімдігі, Қазақстан халқы Ассамблеясы және Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты бірігіп ұйымдастырған болатын.

ЭТНОСАРАЛЫҚ КЕЛІСІМНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Онда Қазақстан, Ресей, Украина, Өзбекстан, Израиль, Болгария елдерінің этносаралық қатынастар, конфликтология және этнопсихология саласындағы сарапшылары этносаралық қатынастарды дамытудың өзекті мәселелерін: «Көпэтносты елді мекендердегі әлеуметтік проблемаларды шешудегі жергілікті атқарушы органдар мен азаматтық институттардың рөлі»; «Шиеленістер мен наразылық көңіл-күйлердің алдын алу және оларды ескерту»; «Мультимәдени ортадағы қақтығыстардың алдын алу ісіне ғылыми-сараптамалық әлеуетті пайдалану»; «Қоғамдық келісімді нығайтудағы Қазақстан халқы Ассамблеясы мен БАҚ-тың рөлі» деген тақырыптағы 4 секцияда талқылады. Қатысушыларға жолдаған құттықтауында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев: «Көптеген мемлекетте этносаралық сипаттағы әлеуметтік шиеленіс өршіп барады. Сондықтан, халықаралық қауымдастықтың алдында осы түйткілді мәселені шешудің тиімді жолдарын іздеу, қоғамдық дамудың жаңа инклюзивті моделін әзірлеу міндеттері тұр. Бұл ретте сарапшылар мен кәсіби зерттеушілердің ғылыми ұстанымнан айнымай, белсенді жұмыс істеуі аса маңызды», – деді.

Аймақ басшысы Бердібек Сапарбаевтың айтуынша, Жамбыл облысы республикада этностар көп шоғырланған өңірлердің бірі. Мұнда 87 ұлт пен ұлыс өкілдері бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүруде. Олар облыс аумағының 7 ауданындағы 25 елді мекенде тұрады. Әр ауылдың әлеуметтік карталары жасалынған. Негізгі мақсат – халықты толғандыратын, наразылық тудыратын мәселелерді анықтау, олардың шешілуіне көмектесу. Бүгінгі таңда өңірде 75 этномәдени бірлестік бар. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес қолға алынған «Бейбітшілік пен келісім» пилоттық жобасы толеранттылықты нығайтуда айрықша маңызға ие болды. Жоба аясында жыл басынан бері 145 елді мекенде кездесулер өтіп, тұрғындарды алаңдататын негізгі мәселелер анықталып, оларды шешу үшін арнайы Жол картасы әзірленді. Онда Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Марат Әзілханов қоғамдық келісімді нығайтудағы Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі туралы баяндады. Ал ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Ерлан Саиров «Жаңа геосаяси жағдайларда этносаралық келісімді қамтамасыз етудің маңыздылығы», Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Болат Тлепов «Жаңа азаматтық бірегейлік – XXI ғасырдағы этносаралық келісімнің формуласы», Ұлттық экономика вице-министрі Әлібек Қуантыров «Қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз етудегі өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуының рөлі» тақырыптарында ойларын ортаға салды. Шетелдік қонақтардың айтуынша, мұндай іс-шараның Қазақстанда, оның ішінде дәл Таразда өтуі кездейсоқтық емес.

– «Тараз – тарихта бірнеше рет өркениеттік шайқастар өткен, әлемдік шекараға айналған жер. Бұл қаланың іргесін бір кездері Қытай экспансиясынан қашып, Таласты паналаған ғұндар қалаған. Византия да, римдік жасақтар да Таластан аса алған жоқ. Олар дәл осында тоқтады. Мұнда мұсылмандар Қытайға жойқын тойтарыс берген Ұлы Талас соғысы өткен. Бұл жерде мыңжылдық маңызы бар айтулы оқиғалар орын алды. Дәл осы Таразда бірегейлік саясатына қатысты сұрақтардың талқылануының символдық мәні зор. Мені осы тұрғыдағы мәселелердің Қазақстандық шешу жолдары қызықтырады. Өйткені, Қазақстан этностық тұрғыдан өте күрделі мемлекет. Мысалы, Украинадағы секілді жағдайлардың орын алмауына сіздердегі саяси басшылықтың, Тұңғыш Президент – Елбасы мен қазіргі Мемлекет басшысының еңбегі елеулі, – дейді «Азия. Үлкен ойын» бағдарламасының жүргізушісі, «Asia. GreatGame» (Израиль) жобасының жетекшісі Дэвид Эйделман. Ал украиндар мен қазақтар арасында ұқсастықтар бар деген саясаттанушы, филология ғылымдарының кандидаты Андрей Бузаровтың айтуынша, тіл, мәдениет, тарих, жастарды қолдау, өңірлерді дамытуға байланысты көптеген мәселелер бар. Олар екі ел үшін де ортақ.

– Мен сіздерден келесі хабарламаны қабылдау мүмкіндігін пайдаланғым келеді – қақтығыстың ерте сатысында консенсус іздеу мүмкіндігі. Егер келіспеушіліктің этносаралық аспектілері, тілге қатысты түсініспеушіліктер орын алса, оны ушықтарудың қажеті жоқ, Ерте бастан алдын алып, оларды тыңдай білу керек», – дейді ол. Ал оның тағы бір отандасы, саясаттанушы, «София» стратегиялық тобының ғылым жөніндегі директоры, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, профессор Виктор Щербин: «Ғылыми проблемалардың бірі – XX ғасырда болған этногенездегі өзгерістерді сипаттау қажет. Сол кезде біздің халықтарымыз бастан кешкен оқиғаларды біз толық түсінеміз және ұлтаралық қарым-қатынас процесіне кірмейміз. Қазақстан халқы Ассамблеясы мұндай жұмысты ғылыми негізде жүргізгені өте маңызды. Сонымен қатар, ұйымдастырушылық сәттердің өзі мұндай қарым-қатынастың ғылыми негізін құруы керек. Ассамблеяның рөлі басқа посткеңестік мемлекеттер үшін үлгі екенін де атап айту керек. Осы іс-шараның жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын да мойындауға тиіспіз. Қазақстан мен Жамбыл облысының басшылығына этносаралық қарым-қатынас сияқты маңызды тақырыпқа назар аударғаны үшін алғысымды білдіргім келеді», – деді.

М.Ломаносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің профессоры, саясаттану ғылымдарының докторы, Ресей ақпараттық операциялар жөніндегі мамандар қауымдастығының президенті Андрей Маноло болса: «Конференция тақырыбы мен тиімді формулаларды іздеу, этносаралық және ұлтаралық келісімге қол жеткізу – бұл тек Қазақстан үшін ғана емес, Ресей Федерациясы мен бірқатар елдер үшін де өте өткір және өзекті тақырып. Себебі, қазіргі этносаяси қақтығыстар, жалпы әртүрлі себептер мен негіздер бойынша туындайтын кез келген жанжалдарды этникалық саясаттандыру – өте нәзік мәселе, саяси және әлеуметтік тұрақтылық жағынан айрықша қауіпті және оларды шешу қиын. Осыған байланысты, бұл бағыттағы ахуалды тиімді реттеу мен шешудің кез келген тәжірибесі бүгінде алтынның салмағынан да бағалы. Қазақстан осындай проблемаларды анықтау мен тұрақтандырудың және оны шешудің бірегей тәжірибесіне ие».

Е.КЕБЕКБАЙ, «Заң газеті»

МЕДИАЦИЯ

БІТІМГЕ КЕЛУ – ҰТЫМДЫ ШЕШІМ

Медиация институты қазақ қоғамына жат емес. Кезінде азаматтар арасында туындаған дау-дамайларды билер, шешендер немесе беделі бар ақсақалдар әділ шешіп отырған. Билердің негізгі шешетін мәселесі шығынды қалпына келтіріп, дауласушыларды бітімге жеткізу болып табылған.

«Медиация» термині латынның «mediare» делдалдық ету деген сөзінен шыққан. Жалпы, медиация – үшінші, бейтарап, жанжал нәтижесіне мүдделі емес тараптың қатысуымен өтетін, дауларды реттеудің баламалы жаңа түрі. Үшінші тарап дегеніміз – медиатор. Медиатор – дау немесе сотта қаралатын іс қатысушыларының белгілі бір келісімге келуіне көмектеседі.

Медиацияның мақсаты – дауды (дау-шарды) шешудің медиацияның екі тарапын да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу және тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету. Тараптар өзара жол беру негізінде әкімшілік процестің барлық сатысында (кезеңінде) сот шешім шығаруға кеткенше дейін татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу арқылы әкімшілік істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады. Жауапкердің әкімшілік қалауы болған кезде тараптардың татуласуына жол беріледі. Татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жазбаша нысанда жасалады. Оған тараптар немесе олардың өкілдері қол қояды. Сот тараптардың татуласуы үшін барлық шараларды қабылдайды, оларға дауды процестің бүкіл сатысында реттеуге жәрдемдеседі. Татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім шарттары заңға қайшы келетін болса немесе басқа да адамдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін бұзатын болса, судья келісімді бекітпейді. Егер тараптар татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімге қол жеткізбесе немесе сот келісімнің шарттарын бекітпесе, әкімшілік істі талқылау жалпы тәртіппен жүргізіледі.

Қазіргі уақытта татуласу, бітімгершілік рәсімінің аясын кеңейтуге, дауды сотқа дейін реттеуге, қоғамдағы шиеленістерді төмендетуге оң ықпал ететін аталмыш заң қоғамның үлкен қолдауына ие.

М.ОНЛАСОВ,
Түркістан облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

ИГІ ІС

БАЙЗАҚТАҒЫ 24 ҮЙ ЖАҢАРТЫЛЫП, ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Байзақ ауданында зардап шеккен 35 үйдің 24-і толығымен қалпына келтіріліп, пайдалануға берілді. Оның төртеуі Үшбұлақ, 12-сі Жібек Жолы, сегізі Қайнар ауылында. Қалған 11 үйдегі жұмыстар қараша айында аяқталмақ, деп хабарлайды «Заң газеті» Qazweek.kz ақпарат агенттігіне сілтеме жасап.

Қайнар ауылындағы жұмыстардың барысымен танысқан облыс әкімі Бердібек Сапарбаев қалпына келтірілген үйлерді аралап, тұрғындардың ой-пікірін тыңдады.

Бірлік көшесінің тұрғыны Ержан Айдаркұлов баспанасының бұрынғыдан да жақсарып қалғанын жеткізді.

– Сол күнгі оқиғадан үйіміз қатты бүлінген еді. Үй мен қора-жайдың 50 пайызы қирап қалған болатын. Жарылыстан кейінгі үшінші күні құрылысшылар келіп, үйімізді қалпына келтіру жұмыстарын бастап кетті. Бүгін міне, баспанамызға қайта оралып, көшіп жатырмыз. Шынымызды айтсақ, қуанышымызда шек жоқ. Үйдің ішіне таза ауыз су кіріп тұр. Бұрын қаржымыз болмай көгілдір отынға қосыла алмап едік. Оны да кіргізіп берді. Қора-қопсымызды реттеп, шарбағымызды орнатып қойыпты. Басымызға түскен қиын сәтте қолдау көрсеткен халыққа, мемлекет, облыс басшылығына айтар алғысымыз шексіз, – дейді үй иесі.

Тұрғындар Амангелді Нәдірбеков, Асхат Мәмбетов те үйінің жаңа кейіпке енгенін айтып, ризашылығын жеткізді.

12 кәсіпкерлік нысанның бүгінде үшеуі жөнделіп, қайта жұмысын бастаған. 9 нысанда құрылыс жұмыстары қызу жалғасуда. Қайта жаңғыртудан өткен үйдің барлығы бір сәулеттік үлгіге келтірілген. Қас беті сарғыш, іргетасы қызыл түспен боялып, шатыры қызыл жабынмен жабылған.

Қайнар ауылындағы көшелер толық жарықтандырылды. Электр желісі мен бағаналары жаңартылған. Асфальт жабыны бұрын орталық көшеде ғана болса, енді барлық көше асфальтталады.

Облыс әкімі барынша әлеуметтік қолдауларды ұйымдастыруды тапсырған болатын. Осы тұрғыда ауылдағы әлеуметтік осал топтағы отбасыларды газбен қамту жұмыстары жүзеге асуда. Толығымен орталықтандырылған таза ауыз сумен қамтылды. Әлеуметтік көмек ретінде біздің тарапымыздан зардап шеккен әр отбасыға 300 мың, кәсіпкерлер тарапынан 200 мың теңгеден көмек көрсетілді. Әр оқушы балаға 50 мың теңгеден берілді. Сонымен қатар, «Сенім Байзақ» қорына түскен қаржы есебінен тұрғындардың қора-қопсысы қайта қалпына келтірілуде, – деді Байзақ ауданы әкімінің орынбасары Қайрат Исмаил.

Құрылыс жұмыстарына 12 мердігер, 200-ге жуық құрылысшы мен 22 техника жұмылдырылды. Облыс әкімі қалған 11 үйдің жұмысын қараша айына дейін толығымен аяқтауды тапсырып, аудан басшылығы мен мердігерлерге нақты міндеттер жүктеді.

Бұдан соң Бердібек Сапарбаев Жібек жолы елді мекенінде болып, ондағы 150 орындық мектеп құрылысымен танысты. Құрылысшылар екі қабаттан тұратын ғимараттың іргетасын құйып, бірінші қабаттың қабырғасын қалау жұмыстарын бастап кеткен. Мердігер – «Сырым Балеке» ЖШС.

Құрылыс жұмыстары барлық бағытта, бір мезгілде жүргізілуде. Бір бригада алғашқы қабаттың кірпішін қалауға кірісіп кетсе, енді бірі – монтаждау, келесі топ – дәнекерлеу жұмыстарымен айналысуда. Құрылыс басында 95 құрылысшы жұмыс істеуде. Олардың 25-і осы елді мекеннің тұрғындары. Қазіргі таңда құрылыс жұмысының 50 пайызы аяқталған. Жалпы нысанды желтоқсан айының соңында тапсырмақ ниеттеміз. Құрылысқа негізінен жергілікті құрылыс материалдары пайдаланылуда, – дейді ЖШС директоры Елмұрат Күнібеков.

Облыс әкімі мердігерге құрылыстың бар талаптарын сақтау, отандық өнімді пайдалану, сапа мен мерзіміне айрықша назар аудару керектігін ескертті.

ПӘРМЕН

БЕРЕШЕГІН ӨЗ ЕРКІМЕН ТӨЛЕЙТІНДЕР АЗ

Кәмелетке толмаған балаларға алимент өндіру қоғамдағы өзекті мәселенің бірі. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңның 138-бабына сәйкес, мемлекеттің мүддесі қозғалған атқарушылық құжаттардан басқа, жеке және заңды тұлғаларға қатысты, сонымен қатар, әлеуметтік маңызы бар істер бойынша барлық атқарушылық құжаттарды орындау жеке сот орындаушылардың құзыретіне кіреді.

Бұл қатарда алимент өндіру туралы құжаттар да бар. Әрі жеке сот орындаушылар қарауына жиі түсетін, орындалуы қиын құжаттардың негізгісі де осы алимент өндірумен байланысты. Бұрын өндірісте тек кәмелетке толмаған балаларға әкесінен алимент өндіру құжаттары болса, бүгінде қартайған ата-анасына балаларынан алимент өндіру, еңбекке қабілетсіз жұбайына алимент өндіру құжаттары да кездесіп қалады.

Бүгінде неке бұзу деректері көп. Кеше ғана отау құрған жастардың ажырасуға бел буғандары көп. Оларға тіпті ортақ балаларының бары да тоқтам болмай отыр. Өкінішке қарай, ажырасудан ең алдымен балалар зардап шегеді. Бала үшін анасы қандай аяулы болса, әкесі де сондай қадірлі. Ал екі жақынының жауға айналып, екі жаққа кетуі балаға үлкен психологиялық соққы. Осыны ерлі-зайыптылар түсінгісі келмейді.

Алимент төлеуден жалтаратын ер-азаматтар мұндай әрекетке әйеліне ерегіскеннен барғанын айтып ақталып жатады. Сонда баланың жазығы не? Біз алимент өндіруге қатысты істі қарағанда азаматтарға ой салуға, бала алдындағы жауаптылығын көтеруге тырысамыз. Өз баласымен туыстық қарым-қатынасты сақтау үшін алиментті уақытылы төлеп, ұл-қызымен үнемі кездесіп тұру қажеттігін қаперге саламыз. Жұмысы жоқ, төлем қабілеті аз адамдарға жол көрсетуге, жұмыс табуына көмектесеміз.

Қанат НҰРЫМБЕТОВ,
Алматы облыстық атқарушылық округінің жеке сот орындаушысы

ЖАРНАМА

ӘРТҮРЛІ

3. "BCB Project kzk" ЖШС, БСН 080740003787, жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру шыққаннан кейін 1 ай мерзімде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Жароков көшесі, 289а, 3 қабат, 1 кеңсе. Тел.: +77474563161.

4. ТОО «Esentai Offices» ЖШС, БСН 140840018029 «Ush Sunqar мейрамханасы» ЖШС, БСН 210340023657 «Esentai Offices» ЖШС, БСН 140840018029 қосылу жолымен қайта ұйымдастыру туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 050040, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Бостандық ауданы, әл-Фараби даңғылы, 77/8, тұрғын емес үй-жай 7.

5. «Таразский сахарный завод» ЖШС (БСН 180440019654) «ЛТЦ «БУРУНДАЙ» ЖШС (БСН 180240003402) қосу арқылы қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 080010, Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Жауғаш Батыр көшесі, 2 үй.

6. «ЛТЦ «БУРУНДАЙ» ЖШС (БСН 180240003402) «Таразский сахарный завод» ЖШС-не (БСН 180440019654) қосылу арқылы өзінің қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 040708, Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Іле ауданы, Боралдай кенті, Бостанов көшесі, 2 ғимарат.

7. «Ush Sunqar мейрамханасы» ЖШС, БСН 210340023657 «Esentai Offices» ЖШС, БСН 140840018029 қосылу жолымен өзінің қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әуезов ауданы, Ақсай-5 шағын ауданы, 25 үй, тұрғын емес үй-жай 5 а.

8. «Шортанды Ломбард» ЖШС, БСН 160140019362, 31.03.2021 жылы микроқаржылық қызметін жүргізуге берілген 03.21.0032.Л лицензиясының әрекетін тоқтату туралы ерікті шешім шыққанын хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде Ақмола облысы, Шортанды ауданы, 30 лет Победы көшесі 44 «А» мекенжайында қабылданады.

ТАРАТУ

9. «ДОСТОО» ұйымы, ЖСН 210440005375, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Республика Казахстан, г.Алматы, ул. С.Жунисов, 12/5, офис 7. Тел. 87473701951.

МҰРАГЕРЛІК

2. 14.05.2021 ж. қайтыс болған Нұржан Тұрғынбек Әлібекұлының атынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлер Түркістан қаласы, С.Ерубаев көшесі, 1 ықшамаудан, 12 үй, 26 пәтер мекенжайы бойынша нотариус Е.Е. Байсбаевқа жолығуы керек. Тел.: 87017314766.

ҚОЛАЙЛЫ, ТЕЗ ӘРІ АРЗАН

«ЗАҢ ГАЗЕТІ» ЖӘНЕ **«ЮРИДИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА»** БАСЫЛЫМДАРЫНА хабарламаларды енді біздің zanreklama.kz сайтымыз арқылы беруге болады. Қазақстанның кез келген түкпірінен, құжаттар саны өте аз.

Барлық сұрақтар бойынша: 87089299874 (Аян)

ДҮҢГІРШЕКТЕРДЕ САТЫЛЫМДА

«Заң газеті» және **«Юридическая газета»** басылымдары енді **«Караван-Престіж»** Алматы қаласындағы 64 дүңгіршегінде сатылымда болады. Дүңгіршектердің мекенжайларын ғаламтордан табуға болады.

Нұр-Сұлтан қаласында газеттерді **«Алты Алаш»** сауда нүктелерінен таба аласыз. **Тел.: 87015728847.**

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73
www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru
Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«GoldKapital» ЖК Нұр-Сұлтан қаласы Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

«Айди» ЖШС, Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БАЙҚАУҒА!

МАКС, СЕНІМЕН МӘҢГІ БІРГЕМІН...

(Соңы. Басы өткен санда)

Міне, менің жерлес досым Макс қандай мықты және адал! Сол СИЗО-да бірге отырған күннен бастап, Максқа «дәубас», маған «кислый» кличкасы берілді...

«Кислый» үлкен зектермен қомақты операцияларға қатысып жүрсе де, ұсақ-түйек олжадан да намыстанбайтын. Осыдан біраз бұрын, дәлірегі, төрт ай он бір күн бұрын қатаң режимдегі колонияда жеті жыл мерзімін өтеп шыққан, зектер арасында «кислый» атымен әйгілі Киселев Григорий түнімен мазасызданып шықты. Түсінде «менттер» қуып, бұл далбасалап қашып жүр. Біресе түрмеге түсіп, камерада тамақтан әрең өтетін қою баланда жеп отырғанын көрді. Ұйқының ауылы алыстап, таңды әрең атырған ол онсыз да жетісіп тұрмаған жүйкесіне тиіп, шиқ-шиқ еткен төсегінен тұрмаған қалыпта дауыстап әйеліне:

– Валера мен Сергейді шақырып кел, –деді қатқыл дауыспен. Көп кешікпей, жиендері де есіктен емпеңдеп, жүгіре кірді. Аузы бір минут босамайтын заржақ Сергейдің:

– Пахан бізге жақсы жұмыс тапты деп ойлаймын, –дегеніне Григорий іле жауап қатты:

– Дұрыс шамалағансыңдар. Әңгіме былай...

Уақыт түн жарымынан асып, сағат тілі бірден кете бере, «кислыйдың» қылмыстық тобы орнынан қозғалды. Бұлар ел аяғының әбден басылуын күтіп, ұятсыз ұйқыны қуып, сергу үшін қоюлығы сондай, ауызды қуырып жіберетін ащы чефир ішіп отырған болатын.

Ал, кеттік! Жаратқан жар болсын! – деген Киселев әлгінде ғана Валераның жегіп қойған есек арбасына бірінші болып қарғып мінді.

Тамыз айының күндізгі аптабының қызуы қайтқанымен, түні бәрібір ыстық. Ай сүттей жарық. Бірақ, «жарық екен, біреулер байқап қалар» деп, айылын жиған ешкім жоқ. Іштерінен не ойлап келе жатқанын кім білсін, ешқайсысы үн қатпаған күйде есек арбаның үстінде баяу тербеледі. «Кислыйдың» түнгі жорыққа есек арбаны таңдауы бекер емес. Мына салпаңқұлақ жануардың орнында ат болсыншы, тұяғының дыбысы көш жерден естіліп, «мен келе жатырмын» деп, бүкіл қаланы даң қылары сөзсіз. Бас білетін әккі есек болымсыз ғана қақпақылмен, қаланың онтүстік батыс жағындағы, шлак дарбазамен қоршалған «Мұнай өнімдері» кәсіпорнының сырт жағына келіп тоқтады. Григорий арбадан жеңіл ырғы түсіп, тың тыңдап сәл тұрды да, адымдай басып, күзетшінің үйшігіне таяды. Жүрісі еркін, ұрлық жасауға емес, бейнебір нағашылап жүрген жиен дерсің!

Келген бетте шегесуырғышты сілтеп жіберіп, күзетші үйшігінің терезесін сыңғырлатып сындырып тастады. Тағы да жеңіл ырғып, терезеден ішке секіріп түсті. Тәтті ұйқы құшағында бұйығып жатқан күзетші не болғанын түсініп те үлгерген жоқ. Орнынан көтеріле бергені сол еді, Киселевтың дәл төбеден ұрған жуан жұдырығынан есі ауып, шалқасынан түсті. Сергей мен Валера арнайы дайындап әкелген екі-үш құлаш сымтемірмен күзетшінің аяқ-қолын матап, темір төсегіне таңып тастады. Олар енді басшы бұйрығын тосып, үнсіз состиып тұрып қалған. Бұл кезде Женя Палкин есек арбаның жанында, күндізгі жоспар бойынша сақшылықта тұрған болатын. Әр кәсіптің иесі, өзі таңдаған сол ісіне бейім болады емес пе? «Кислыйдың» мысықтың жанарындай өткір көзі түнде де керек нәрсесін еш жаңылыспай көре беретін. Ай жарық болса да, үйшіктің іші алакөлеңке. Күзетшінің қолындағы сағатын оп-оңай шешіп алып, қалтасының бәрін тінтіп шықты. Жылан жалап кеткендей, түк жоқ.

– Қап, ештеңе жоқ. Терезе жақта салбырап тұрған телефонның жібін үзді де, басшыларының әр қимылына зер сала, қызыға қарап тұрған екеудің біріне телефон аппаратын ұстата салды. Столүстіндегі батареялы фонарды да қолына беріп, «арбаға апар» дегендей, ым қақты. Түсінбеді ме, орнынан тез қозғала қоймаған оны иығынан нұқып жіберді. «Жәй түртіп қалғаны мынандай болса, әдейілеп ұрған соққысы адамды өлтіреді ғой». Осыны ойлап үлгерген Валера түйіліп ауырған иығын уқалаған күйі арбаға қарай жүгіре жөнелді. Григорий анадайдағы қойма алдына барып тоқтады. Сақтық үшін бір сәт тың тыңдап тұрды да, қолындағы шегесуырғышын Сергейдің қолына берді.

– Қане, құлыпты бұз!

Жиені қолындағы сайманымен құлыпты әрі-бері нұқығанымен, ештеңе шығара алар емес.

– Ой, ебедейсіз, – шегесуырғышты жұлқи тартып Валераға ұстатты.

– Қане, сені көрейік. Тез, балабақшада ойнап жүрген жоқсың!

Қанша әуреленгенімен, құлыптың ыңғайға көнер түрі жоқ.

– Бүйтіп ұры болғандарыңды ұрайын сендердің! – деп сайманды жұлып алған ол көз ілеспес жылдамдықпен құлыпты бір-ақ рет ырғады да, жерге топ еткізіп тастай салды.

– Міне, осылай жұмыс жасау керек. Жырғалмай, қаптарды арбаға тиеңдер!

Ұрылар қорқынышты ұмытып, іске кірісті. Бірлі-жарым қаптағы тышқан тескен тесіктен төгілген қанттың әр жерде шашылғаны болмаса, аулада ұрлықтың соншалықты ізі де білінбейді. «Кислыйдың» мұқият жоспарлаған операциясына сүт пісірім ғана уақыт кетті.

...Қаланың Абылай хан көшесі бойындағы аудандық ЗАГС мекемесінің жанына жымысқыланып, үнсіз келген топтан Григорий жекеленіп шыға бере: «Сендер әзірше осы ағаш арасындағы қалтарыс жерде жасырына тұрыңдар. Әрі-бері кездейсоқ өтіп жатқан машинадағылардың көзіне түсіп қалмаңдар!»– деді. Сыбырлап айтса да, дауысы әмірлі де, зілді шықты.

– Женя, тез арбаны жеткіз. Бірақ, бұл жерге емес, әрі таман – мектептің спорт алаңына барып тоқта. Арба сырт көзге көрінбейтін болсын!

Мекеме есігін жеделдете, төпелей ұрған «Кислыйдың» даңғырын қатты ұйқы құшағында жатқан күзетші ести қоймады. Қайта тарсылдатқанда ғана арғы жақтан тапырлай басқан аяқ дыбысы естілді.

– Түн ішінде бейсауат жүрген кім?

– Бауырым, «жедел жәрдем» шақыру керек еді. Көмегің қажет!

Қаңылтырмен қапталған есік «шиқ» етіп жәймен ашыла бергені сол еді, Киселевтың жуан жұдырығы күзетшінің басына сарт ете қалды. Қапелімде не болғанын ойлап та үлгермеген байғұс тікесінен тік тұрған қалпы жерге сылқ етіп құлап түсті. Белгі берілісімен жүгіре кірген Юра мен Леха ес-түссіз жатқан күзетшіні есік көзінен әрі сүйреп әкетіп, қосалқы бөлмеге қамап тастады. Есігін сыртынан екі бірдей үстелмен тіреп қойған олар ғимараттың ішін астан-кестеңін шығара тіміскілеп, емін-еркін шарлап жүр. Құдды тексеріске келген комиссия дерсің! Арада бар-жоғы он минуттай өткенде боз есек шиқылдақ арбасына тиелген заттарды типыңдата сүйреп, күнбатыс жақты бетке алып бара жатты.

* * *

Құдіреті күшті құдайдың көңілі түсіп пендесіне берейін десе, ойламаған тұстан, жоқ жерден жарылқап, үйіп-төгіп бере салады екен-ау! «ЗАГС операциясы» бұлардың бүгінгі жүргізген үшінші жорығы-тын. Олар осыдан екі сағат бұрын ойламаған жерден әжептәуір олжаға кенелген болатын. «Жүргенге жөргем ілінеді» деген осы! Алдыңғы екі операция былай болған еді.

...Төртеуі орталықты бетке алғанда, ел әлі жата қоймаған. Әлгінде ғана толастаған жаңбыр қайта сіркіреп жауа бастады. «Кислыйдан» басқасына салсаң, тап бүгін жорыққа шықпай, үйде карта ойнап, бұйығып жатуға бар. Төртеуі түн қараңғысында батыс жақты бетке алған екі қараны байқады. Дауыстарына қарағанда әйелдер. Көшені басына көтере бірін-бірі тыңдамай сөйлескендеріне қарағанда ішіп алған. «Іздегенге сұраған».

...Лена мен Оксана шынында да қызу еді. Туған күн тойлап, ақаңнан біраз сілтеген қос құрбы мас болмағанымен, біраз жерге барып қалған-ды.

– Қане, үндеріңді шығармаңдар! – әмірлі дауыспен бірге, сұп-суық болып тақалған пышақтан естері шыға қорыққан әйелдерді түн жамылған қарақшылар жол шетіндегі қалың ағаш арасына жетектей жөнелді.

– Бәрін алыңдар. Бірақ, өлтіре көрмеңдерші. Жалынамын... – деп жылам-сыраған Лена алтын сырғаларын өзі ағыта бастады.

– Иә, балаларымыз бар, аяушылық жасаңдаршы. Құдай үшін бізді ұрып-соқпаңдаршы, – сыңсып жылаған Оксана мойнындағы алқасы мен сырғасын шешіп берді.

– Үніңді өшір! Саусақтағы темірлерді де шеш!

– Бәрін шешеміз. Қазір, қазір, – үрейленген келіншек алтын сақина, білезіктеріне шейін сыпырып, тонаушыларға ұсына берді.

Жан шіркін тәтті ғой, қорыққандарынан дір-дір етіп, дыбыстарын шығармай қалшылдап тұр. Бар асылын тағынып тойға шыққан қос құрбы алтындары мен ақшасынан айырылып, сымпиып шыға келді.

Мұның алдындағы олжаны да, құдіреті күшті Құдайдың берері таусылмасын, тіпті ойламаған жерден жарылқап тастаған болатын.

...Семіз өгізін көздеген бағасына сатып, ақшасын екі бөлікке бөліп, костюмінің ішкі қалталарына сықырлата салып алған Дайырбайдың көңілі тоқ еді. «Мынадай қомақты ақша қолға күнде түсе бермес. Балаларыма қанттшәй апарып бір қуантайын», – деген ол орталықтағы дүкенге тартты. Дүкеннен ескі танысын кездестіріп, екеуінің екі жартыны бөліп ішкені есінде. Кейін екі кісі қолтықтап, тал арасына дедектете жөнелгенде, Дайыр олардың кім екенін, қайда апара жатқанын білерлік шамада емес-тін. Әлденелерді айтпақ болып, түсініксіз былдырлай бергені сол еді, ауыр соққыдан сылқ етіп құлап түсті. «Шығасыға иесі басшы» деген осы да. Барлық ақшадан да, қолындағы сағат, үстіндегі бір киер костюм-шалбары мен жылы күртесінен де айырылған Дайыр ағаш арасындағы саз балшық үстінде екі бүктетілген қалпы қала берді.

* * *

...Осы бір көркем қызға кездескелі Макстың ресторанға келуі жиілеген. «Бір адамның басына осыншалық сұлулықты берген Тәңірдің шеберін-ай» деген ой санасынан шықпаған Макс ертеңінде ресторанға тағы келді. Ол Элеонораны шынымен ұнатып қалған еді. «Желігі басылмаған жас жігіттей шынымен ғашық болып қалғаннан саумын ба?» деген ой күндіз ойынан, түнде түсінен шықпай мазалап, бір күні қызды кездесуге шақырды. Осылайша, бірнеше рет кездесіп, ақыры Элеонораға деген шынайы ыстық сезімін жеткізді. Екі жүрек бірге соғып, құшақтары айқасқан, махаббаттың бал шырынын бірге жұтып, бақытқа бөленген айлы түнде Макс сүйікті қызына көз жасы сорғалай отырып, жан сырын ақтарып, ағынан жарылды:

– Аяулым, менің кім екенімді, нендей қатыгездік түгіл, хайуандық істер істегенімді жасырғаным адамшылық болмас. Оны естігеннен кейін менен екі қолыңды төбеңе қойып безіп кетсең де, мен саған өкпелей алмас едім. Мен неше рет сотталып, түрмеден басы шықпаған атақты қылмыскермін. Бірақ, қазір қаталдық, қатыгездік пен зектер әлемінің тәртібін бұзып, адами өмірге талпынған бір жанмын. Кеш болса да, махаббат атты асыл сезімнің құдірет күшімен адал жар, аяулы әке атанып, адал еңбек ететін қоғамның қарапайым ғана бір АЗАМАТЫ болуға бет бұрған бейбақпын. Егер, «ондай жол торыған қарақшыдан жолым бөлек» десең, бір ауыз сөз айтпастан, ішім қан жылап, бұрылып жүре берем. Ақырғы шешім өзіңде!

– Жоқ! Жоқ! Макс жаным, маған сенің өткен өмірің қызық емес. Оны мен баяғыда білгенмін және біле тұра, тап сол қалпыңда сүйгенмін. Бала кезіңдегі қатыгез, мейірімсіз әкеңнің кесірінен бұзылған өмір жолың саған деген ақ махаббатымды көлегейлей алмайды! Не көрсем де, сенімен бірге көрем!

* * *

Беделді зектердің шұғыл жиыны Алматының жайма-шуақ кешінде өтті. «Дәубас Макс зектер әлемінен шықпақшы!» деген хабар жер-жерге алдын ала хабарланып, күн тәртібінде осы бір ғана мәселе қаралатындығы белгілі болатын. Алғашқы сөзді қылмыскерлер әлемінің серкесі, «Грузин ата» атты авторитет иесі алды. Өткір көздерін Макске сынағандай қадай қарап, жиналған авторитеттердің мысын басқандай, жағалай көз салып біраз үнсіз тұрды.

– Дәубас, сен кімге өкпелісің? Қояр кінәң бар ма?

– Жоқ, ешкімге қояр кінәм да, талабым да жоқ.

– Артқа шегінуге болмайтын, сатқындықты кешірмейтін зектер заңын жақсы білесің...

– Иә, білемін! Бірақ, ортадан кетуге бел будым. Қандай жазаны да көтеруге дайынмын...

– Себеп? Әлде биліктегі басшысымақтар қорқытты ма? Шыныңды айт!

– Қорқатын, үркетін уақыттан өтіп кеткенімді білесіздер. Азды-көпті қылмыс әлеміне адал қызмет еттім. Бәрінен тойындым. Үйленіп, тыныш өмір сүрсем деймін...

– Егер, мына «заңды ұрылар» сені өлімге бұйыра қалса, қайтер едің?

– «Өзекті жанға бір өлім» деген қазақ аталарымыз. Ол жазаны ойланбай қарсы алуға әзірмін!

– Жақсы, Дәубас! Бізді қалдырып, шыға тұр. Басқалардың пікірін тыңдайық...

* * *

Сходтың өткеніне бір ай шамасы өтті. Тырс еткен хабар естілмейді. Көңілге дүдәмал күдік, әлдеқандай қорқыныш пен бойды дір еткізер белгісіздік ұялатқан өлі тыныштық. Сенімсіз ойдың жетегінде жүрген Макс бұл туралы Элеонораға жақ ашқан жоқ. Қорқып, жүйкесін жұқартпасын деген жанашыр ой да...

Қай банкте сақтағанын кім білсін, әлде жасырын бір жерде ұстады ма екен, Алматының қарттар үйінің есепшотына 150 мың евро аударды. Ертеңінде Үштөбе балалар үйінің есепшотына 100 мың доллар қаржы салып жіберді. «Москваға барып келем» деп, сүйіктісімен қоштасып кеткен Макс екі күннен кейін оралды. Элеонораның қолына су өтпейтін, отқа жанбайтын материалға оралған қомақты, ап-ауыр ораманы: «мында 2 миллион евро бар»деп ұстатқанда:

– Мынауың сұмдық көп қой! Алмаймын осынша ақшаны, – деп, сүйіктісі шошып кетті.

– Ал, қорықпа, бұл менің өмір-бақи жинаған табысым. Құдай бұйырып, үйлену тойын жасай қалсақ, соған жұмсаймыз. Кейінірек сәбиіміз туғанда да ақша керек болады...

– Жаным сол! Әмин! Сол тілекке бірге жетейік!– деп, жылап жіберген қыз сүйіктісінің мойнынан құшақтай алды.– Көп ақшаны көргеннен емес, сенің «үй болып, сәби сүйсек» деген игі ниетіңе көңілім босап отыр. Өзім сүйіп, жақсы көретін азаматпен тұрмыс құрып, ана атансам деген арманымның, Алла қаласа, орындалатынына қуандым, жаным, – деген Эля қуаныш үстінде біраз сырдың шетін шығарды.

Әкесінің анасы мен өзін тастап кетіп он бес жас кіші, кәмелетке толмаған жас қызға үйленіп кеткенін айтып берді...

– Мен он жасымда анам екеуміз үйсіз-күйсіз, үйірінен адасқан қаздай қаңғып қалдық. Мектепті кілең беске бітіргеніммен, тезірек ақша жинап, баспаналы болу үшін институтқа бармай қалдым. Үшке әрең оқып жүрген құрбыларым әкелерінің арқасында оқуға түсіп, қызмет жасап жүрді. Соны көріп, «әй, тәлкекке ұшыраған ащы тағдырым-ай» деп, талай таңды ұйқысыз өткізгенімді қалай ғана ұмытармын. Даяшы болып еңбек етіп жүрген қыздардың бәрін «бұзылған қыз» деген сасық оймен, ақшасын көрсетіп, төсектес болуға әрекет етіп, ермек іздеген еркектердің қорлығы санамнан өлгенімше өшер ме?! Менің жанымды түсініп, өзіңе тең көріп, жар етуге, болашақ сәбиіңнің анасы етуге бел буғаның үшін мен саған мәңгі бақи қарыздармын. Тәңірім екеумізді бақытты етуге жазсын. «Ресей жеріне көшейік» деп айналдырған анама: «Мен қазақпын. Туған Отаным – Қазақстан. Өз елімнен, өз жерімнен ешқайда көшпеймін» деп, орнымнан қозғалмай, осында қала бердім. Бұйырса, үйлі де, сәбилі де болармыз. Сол бақытты күндерімізді «тарихи Отаным» деп, Қазан қаласына көшіп кеткен анам көрсе ғой, шіркін, – деп, көз жасын тоқтата алмады.

– Көреді, алтыным, көреді. Қайтадан елге көшіріп аламыз. Немерлерін бағады әлі, – деген Макс сүйіктісінің жас парлаған көздерінен шөпілдетіп сүйе берді, сүйе берді...

* * *

«Адамның айтқаны емес, Алланың дегені болады» деген ата-бабалар сөзі рас екен. Қос аққудай жарасқан сүйікті жандардың осы әңгімесінен үш күн өткеннен кейін Макс «Кислыйдың» дәл көздеп атқан оғынан мына опасыз жалған дүниені тастап, мәңгілік қайтпас сапарға аттанып кетті. «Мәңгілік доспыз» деуден танбай жүретін «Кислыйдың» Максты атқанда қолы да қалтыраған жоқ.

Қаралы хабарды ести сала оқиға болған жерге жеткен Элеонора қызыл қанға бөгіп жатқан сүйіктісінің үстіне аңырай келіп жығылды. Артынша «Макс, мен сенімен мәңгі біргемін!» – деген қыз сөмкесінен тапаншаны шығарды. Айналадағы жұрт аңтарылып тұрғанда тапаншаның дауысы тыныштықты тіліп өтті. Жас қыздың да осы сәтте демі біткен болатын.

Ғабдул-Сәбит ЮСУПОВ

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Жанахмет АҒЫБАЕВ
Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Жамбыл облысы	Арсен Саттаров 8 705 808 14 31.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сабырбек Олжабай 8 701 385 72 75. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Шығыс Қазақстан облысы	Талғатжан Мұхамадиев 8 747 746 49 82.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №155 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31